



# Жалағаш

## ЖАРШЫСЫ



№17 (9904)  
28 ақпан,  
сейсенбі  
2023 жыл  
Газет  
1934 жылғы  
10 қаңтардан  
бастап шығады.



AMANAT

**ДАУЫС БЕР!**  
**НАР ТӘУЕКЕЛ!**



**БАСТЫ МІНДЕТІМ –  
САЙЛАУШЫЛАР СЕНИМІН АҚТАУ  
ҚАЙРАТ ДОСЫМОВ**

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

## Алғыс айту – асыл қасиет

«Жақсымен жанасып жүр, жарлығы қарасып жүр, шалқудың шамасын біл, ақ-қараның арасын біл» немесе «Құрдасыңа қуаныш бол, сырласыңа сынық бол, жылағанға жұбаныш бол, туысыңа тұнық бол» дегендей, күйбең, тынымсыз тірлікпен арпалыса бергенше, кейде айналамызға да қарап, өз әрекетімізді ой елегінен өткізіп, санамызды салмақтап алғанның да жөні бар. Әйтпесе адамдар бір-біріне жақсылық жасаудан, қамқор болудан, қиналғанға қол ұшын беруден қалып, дүниелік істермен алданып, өмірдің өткенін білмей қалмай ма?! Иә, халқымыз «Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық – ер кісінің ісі» дейді. Ал жақсылық жасау, жасалған жақсылыққа лайықты жауап беру адамдықтың ауылынан алыстамауды талап етеді. Қазақтың «қарғыс алма, алғыс ал» дейтіні де сондықтан.

Нұржамала АЛМАСҚЫЗЫ



Жалпы, қаһарлы қыстың қытымыр аязынан соң тіршілік жаңарып, жан бітетін, Жер-Ана бусанып, күннің жылуы сезілетін шұғылалы көктемнің алғашқы күні жақындарымызға шексіз ризашылығымызды білдіріп, риясыз алғысымызды айтамыз. Бұл – алғыс айту күні. Күнтізбеде атаулы күн болып белгіленгелі бері қазақстандықтар осы күнді асыға күтеді. Жалпы, Ел тәуелсіздігінің баянды болуы ел ішінің тыныштығы мен тұрақтылығына байланысты екені белгілі. Жүзден аса ұлт пен ұлыс өкілдері бар Қазақстанда бейбітшіліктің сақталуы үшін бір шаңырақтың астында өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдерінің өзара татулығы, ынтымағы аса маңызды.

«Байлық – байлық емес, бірлік – байлық» деген екен. Расында бір тудың астында өмір сүріп, алауыздықтан арыла алмаса, ондай елдің бөрекесі қашып, іргесі сөгілері анық. Ал ауызбіршілігі жоқ елдің өзін де, жерін де иемденіп кету кім көрінгенің қолынан келері шүбәсіз. Ықылым заманнан бері қазақтың жері кең. Қазақтың сол ұланбайтақ жеріндегі дархан көңілі де бар. Айрандай ұйған қазақтың сайын даласына көз алартқандар да болды. Бірақ көзалартқандар қашаннан берінен бұрын бірлігінді сақта дейтін елдің ұланғайыр даласы тұрмақ, ұлтарактай жерін де ала алмады. Талай нәубетпен қарсы келген ата-бабамыз бүгінгі ұрпақ үшін қасық қаны қалғанша жерін қорғады. Енді міне, тұғырлы тәуелсіздікке қол жеткіздік, көптеген биікті бағындырып, жетістіктерге де жетіп үлгердік. Ең бастысы, ата-баба аманаттаған өз иелігіміздегі қасиетті қара топырағымызды алаңсыз басып жүрміз. Көңіл сыйса, бәрі сыятының дәлелдеп, жүз отыздан аса ұлт пен ұлысқа пана болдық.

Олардың тарихы әртүрлі болғанымен, түпкі мақсаты бір, ризашылық білдіру, алғыс айтуға берекелі күн кешудеміз. Не берсе де пейіліңе береді демекші, бүгінгідей бейбітшіліктің бөдері бұзылмай, бірлігіміз бен татулығымыз жарасып, тыныш заманда өмір сүруіміз қазақтың кеңпейіліне берген тәңірдің сыйы болса керек. Әйткені қазақстандықтар қандай қиын-қыстау кезеңдерде де, елді құрсауына алған нәубетті күндерде де жұдырықтай жұмыла білді. Тәуелсіздікті, азаттықты, бірлікті сақтауға бір атаның баласындай атсалысты. Осыдан бірнеше жыл бұрын атаулы күн болып бекітілген Алғыс айту күні де қазақстандықтардың бірлігінің негізіне арналған мереке болды. Қазақстан Ассамблеясының құрылуы да біздің елдің әлем елдеріне «татулық пен тұрақтылықтың үлгісі» ретінде танылуына ықпалын тигізді. Негізі бұл күн тек біздің елде ғана белгіленбеген. Атауы әртүрлі мереке болғанымен, түпкі мәні бір мерекелер бар. Мәселен, Америкада «Ризашылық білдіру» күні бар екен. Оның тарихы аңызға көп тіреледі.

Кезінде Америка құрлығын отарлаушылар аштыққа ұшырап, сондағы жергілікті үндістер аяушылық танытып, аң-құспен тамақтандырыған екен. Мұны байқаған басқалар да осы үрдісті әдетке айналдырып, сол қаһарлы қыстан бәрі бір-біріне қол ұшын беріп, аман-есен шыққан деседі. Содан бері бұл күн көмек қолын сөзгандарға алғыс білдіру күні ретінде аталып өтіледі екен. Кейіннен бұл күн «Ұлттық мереке» деп аталады.

Израиль елінде де «Астық ору» деп аталатын мереке барын білеміз. Бұл адамдарға мол астық бергені, ризық бергені үшін Жаратушыға алғыс айту мақсатында пайда болған. Осыған ұқсас мерекелер тағы басқа да елдерде кездеседі.

Олардың тарихы әртүрлі болғанымен, түпкі мақсаты бір, ризашылық білдіру, алғыс айтуға

саяды. Ал біздің елдегі атаулы күндер қатарына енген Алғыс айту күні тек өзге ұлт өкілдеріне қатысты деп түсінбеуіміз керек. Бұл мерекенің аясын кеңейту, қолданыстағы мән-мағынасын тереңдету өз қолымызда. Бұл күні тек ұлт пен ұлт қана бір-біріне алғыс айтауы керек, керісінше барлық адам жақынына алғыс айтса, нұр үстіне нұр болар еді.

Шүкір, біз – көпұлтты мемлекетпіз. Сонау бір жылдары тағдыр тәлкегімен жылы ұясын тастап, атамекенінен үлере көшіп, пана іздеп келген жандарды құшақ жайып қарсы алдық, терімізден жай ұсындық, қоныс бердік, қоныс қондырдық. Олар діні мен тіліне, нәсіліне қарамай, ата-бабадан аманатқа қалған ұланғайыр даламызға да, көлдей көңілімізге де сыйды, сіңді. Олардың әрқайсысын өз бауырымыздай көріп, қолымыздағы барымызбен бөлістік. Олар да халқымыздың қонақжай көңіліне, қылаусыз пейіліне қарыздар екенін біледі.

Жалпы, ата-бабамыз «Қарғыс алма, алғыс ал» десе, Асыл дінімізде де адамдардан алған алғыстың сауабы жайлы айтылады. Қасиетті Құранның Лұқман сүресіндегі Алла тағаланың: «...Маған деген шүкірлерің мен адамдарға деген алғыстарың үшін сәндерді сыйға белеймін» деген үкімінен тәубе мен алғыс үшін екі дүниеде жақсылық бар екенін ұғуға болады. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) өз хадистерінде «Адамдарға алғыс айта алмаған адам, Аллаға шүкір ете алмайды» дегені де күллі мұсылманның, жалпы адамзаттың бір-біріне жақсылық жасауы, сол жақсылыққа жауабы алғыспен қайтуын меңзейді. Сол сияқты алғыс айта білу, жақыныңның жасаған жақсылығына риясыз ризашылығыңды білдіру – адамгершіліктің бір белгісі.



Жалағаш аудандық мәслихат  
делуаттығына үміткер

**БАКБЕРГЕНОВ НУРЖАН**  
ДАУЫС БЕРУГЕ ШАҚЫРАМЫН!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді



AMANAT

**НАР ТӘУЕКЕЛ!**

**Мақсат – дені сау ұлт  
қалыптастыру**

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

**ДАУЫС БЕР!**

**Халық сенімі  
бәрінен жоғары**

**САЙЛАУШЫЛАР СЕНИМІ  
БӘРИНЕН ЖОҒАРЫ**

**МАҚСҰТОВ ЕРКЕБҰЛАН**



Жалағаш аудандық мәслихат  
делуаттығына үміткер

**МЕНДИБАЕВА УЛМЕКЕН**  
ДАУЫС БЕРУГЕ ШАҚЫРАМЫН!

**Халық тұрмысы жақсарады**

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді



## №5 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Жанашев Сабит Еркінболовичтың өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

### Өмірбаяны

Жанашев Сабит Еркінболович 1981 жылы 17 сәуірде Жалағаш ауданы Жаңадария ауылында дүниеге келген. 1998 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Мұнай және газ кәсіпшілік машиналары мен жабдықтары» факультетінің бірінші курсына оқуға қабылданып, 2002 жылы аталған оқу орнының әскери кафедрасына түскен.

2003 жылы Қызылорда мемлекеттік университетін «Мұнай және Газ» мамандығы бойынша бітіріп, инженер-механик дипломын алған. Дәл осы жылы «Валют Транзит Банк» АҚ-ға маман болып жұмысқа қабылданған. 19.05.2004 жылдан бастап «Қызылорда НефтеСервис» ЖШС-да ұнғымаларды химиялық өңдеу операторы.

01.10.2004 жылы «Петро Қазақстан Күюль Ресорсиз» АҚ ұнғымаларды химиялық өңдеу операторы.

06.02.2012 жылы «Компания Газ Строй» ЖШС мекемесіне инженер ПТО жұмысын бастап, 18.03.2014 жылы аталған мекеменің директоры болды.

2019 жылға дейін «Петро Қазақстан Кумкол Ресорсиз» ААҚ-да Мұнай және газ операторы болып жұмыс жасаған. 01.10.2020 жылдан бастап «Қызылорда Газ Тарату Жүйесі» ШЖҚ КМК Жалағаш кенті газ шаруашылығы шебері.

01.10.2021 жылы «Қызылорда Газ Тарату Жүйесі» ШЖҚ КМК Жалағаш кенті газ шаруашылық учаскесінің басшысы.

17.05.2022 жылдан бастап «Қызылорда Газ Тарату Жүйесі» КМК Жалағаш аудандық газ шаруашылығы директоры болып қызмет атқарып келеді.

### Сайлауалды бағдарламасы

Менің ұстанымым – сайлаушылардың сенімін ақтау, берілген уәдеге берік болу. Биылғы саяси додаға

қатысудағы басты мақсатым – туған жерімнің болашағын жарқын, мақсатын айқын ете отырып, заманауи дамуы үшін өз үлесімді қосу.

### Қадірлі жерлестер! Құрметті ағайындар!

Мен туған өлкемнің тарихын да, халқымның тұрмыс тіршілігін де жақсы білемін. Өлкеміздің қай жерінде де тұрғындар өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты мәселелерін алдымен өздері сайлаған депутаттарға айтып жатады. Білімім мен өмірлік тәжірибем, күш-жігерім көп жұмыс жасауға жеткілікті деп ойлаймын. Алда келе жатқан саяси науқанда аудандық мәслихатқа депутат болып сайлансам, ауданның әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан өркендеуіне, жан-жақты жетілдірілуіне үлес қосамын. Алдағы уақытта атқарылуы тиіс жұмыстар мен міндеттерімді осы сайлауалды бағдарламада нақты көрсетемін.

1. Жол сапасы адамның сапалы өмір сүруі үшін аса маңызды. Өзіме қарасты сайлау округінің аумағында жолдардың сапасына зерделеу жұмыстарын жүргізіп, 2027 жылға дейін кезек-кезеңмен жөндеуіне ықпал жасайтын боламын. Бірінші зерттеу осы уақытқа дейін жөндеу жұмысын көрмеген Болат Алынбаев атындағы көшеге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді мәселе етіп қойып отырмын.

2. Тұрғындар Бұқарбай батыр көшесінің аяғын жөндеу бойынша ұсыныстар айтып жүр. Жөндеу жұмыстарын өз бағдарламама енгізіп, алдағы уақытта оң шешімін табылуына өз ықпалымды тигізетін боламын.

3. Халықтың аз қамтылған, көпбалалы, осал топтарын қолдау мақсатында демеушілер тартып, қайырымдылық көмектер ұйымдастырамын.

4. Тұрғындардың сапалы өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында жарықтандыру жұмыстарын қолға алатын боламын. Кент орталығындағы сапасы сын көтермей

тұрған жарық бағаналары, жарық шамдарын жөндеу мәселелерін алға тартып, тиісті орындарға жеткізіп, оңтайлы шешім табуына күш-жігерімді жұмсаймын.

5. Қазіргі таңда қоғамдағы проблемалардың бірі – жұмыссыздық. Осы жағдайды ескере отырып, жұмыссыз азаматтарға жұмыс көздерін қарастыруға күш саламын. Жастар арасында жұмыссыздықты азайту үшін жаңа жұмыс орындарының ашылуына, жастардың әлеуметтік мәселелерін шешуге атсалысамын.

6. Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі. Елді мекеннің абаттандырылу жұмыстары, әрбір тұрғынның қоршаған ортаға жанашырлықпен, мейіріммен, жауапкершілікпен қарауы жолында түрлі шаралар ұйымдастырып, аула мен көшенің көркеюін қолға аламын.

7. Жалағаш кентінде теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірін салу жұмыстары тұрғындар тарапынан айтылып жүр. Аталған жұмыстың халыққа пайдаға асуына жұмыс жасап, уақытында орындалуына атсалысатын боламын.

8. Тазалық – халық айнасы. Қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Елді мекен тәуірдегі көркейтудің кәсіпкерлікпен және санитарлық тазалық жұмыстарын жоғары деңгейде ұйымдастыру керек. Ол үшін көрік беретін көшелердің тазалығын қалыптастырып, аяқ су арықтарын тазалау, жас ағаш көшеттерін отырғызу, талдарды бірлеп кесу, жасыл белдеуді қалыптастыру, жол белгілерін қалыптастыру, өзіме белгіленген аумақ бойынша жастарды жұмысқа тарту және жұмыспен қамтамасыз ету, олардың шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруы және оның әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау. Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жастардың өз кәсібін ашуға



жағдай жасап, кәсіпкерлік бастамаларын дамытуға қолдау білдіремін.

### Құрметті жерлестер! Қадірлі сайлаушылар!

Халықтың талап-тілегін тыңдай білу және оны талапқа сай орындай білу әрбір Қазақстан азаматының қадірлі қасиеті болуы шарт. Егер осы саяси науқанда аудандық мәслихатқа депутат болып сайлансам, осы бағдарламадағы мәселелерді басты бағытта ұстаймын. Мақсатым – халық қалауысы болып шалқақ емес, халықтың қалауын тауып марқаю.

### Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

## №5 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Жақсыбаев Ерлан Еркінұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

### Өмірбаяны

Жақсыбаев Ерлан Еркінұлы 1992 жылы 9 мамыр күні Қызылорда облысы Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1999-2008 жылдары Т.Жүргенов атындағы №123 дарынды балалар мектебінде білім алған.

2008-2011 жылдары Қазақ гуманитарлық техникалық заң колледжінде «Қаржыгер» мамандығы бойынша оқуды үздік тәмамдаған.

2011-2015 жылдары Ақмешіт гуманитарлық техникалық институтында «Қаржы және есеп» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

2011-2012 жылдары аралығында Шекара қызметі №2086 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын өтеген.

2013 жылдың 17 сәуірінен бастап Қызылорда қалалық зейнетақы, жәрдемақы төлеу орталығында инспектор лауазымында еңбек жолын бастаған.

2014 жылдан бастап Жалағаш аудандық зейнетақы, жәрдемақы төлеу орталығында инспектор лауазымында қызмет атқарған.

2015 жылдың маусым айынан 2022 жылдың 19 мамырына дейін қайта құрылған «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жалағаш аудандық бөлімінің маманы.

2022 жылдың 20 мамырынан бүгінгі күнге дейін Жалағаш аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және хал ақтілерін тіркеу бөлімінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының орынбасары болып жұмыс жасайды.

### Сайлауалды бағдарламасы

### Құрметті сайлаушылар! Құрметті жерлестер!

Алдағы сайлауға да 20 күнге жуық уақыт қалды. Бұл саяси науқанның ел болашағы үшін маңызы зор. Себебі халық мемлекеттің жарқын болашағына, жалпы қазақстандықтардың тұрмыс сапасының артуына, олардың жайлы қоғамда өмір сүруіне қолайлы жағдай жасайды деп сенім артқан үміткерім таңдап, дауыс береді. Әлбетте түсінген адамға әрбір сайлаушының берген дауысы – артылған сенім. «Осындай жауапкершілік жүгін арқалап, елдің сеніміне шыға аламын ба?» деген сауал кім-кімді болсын толғандырады сөзсіз. Мен де бұл ретте жауапкершілік жүгіні ауыр болатынын жақсы білемін. Сайлауалды бағдарламада өңірдегі өзекті мәселелерді қамтығаным да сондықтан. Әрине бұл жолда еңбек етуге өзімнің қарым-қабілетім, жиған тәжірибем, күш-қайратым жететініне сенемін. Ендігі жерде халықтың сенімі ерекше маңызға ие болғалы тұр. Сондықтан алдағы саяси науқанда баршаңызды маған дауыс беруге шақырамын.

Жұмыс барысында жақсы мен жаманды айырып, халықтың әлеуметтік жағдайын, олардың өміріне деген көзқарасын біліп, мыңдаған халықпен тікелей жұмыс жасап келемін.

Осы орайда Жалағаш аудандық мәслихат депутаты болуға бел будым. Мәслихат депутаты – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат. Сондықтан алдағы уақытта елдің ертеңіне жауапкершілікпен, табандылықпен еңбек етуге дайынмын.

Бүгінгідей күрделі кезеңде осындай зор сенім, жауапкершілікті сезіну кім-кімге де сын болатынын білемін. Мен кент тұрғындарының сенімін иемденіп, аудандық мәслихат депутаты болып сайлансам, аудан халқының өзекті мәселелерінің оң шешімін табуына ықпал ететін боламын.

Тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға және оларды

жұмыспен қамту үшін тиісті шараларды қамтамасыз ету мақсатында Халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы жүзеге асытып «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту» жөніндегі ұлттық жоба аясында жұмыссыз адамдарды жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен, яғни қоғамдық жұмыстар, әлеуметтік жұмыс орындары, алғашқы жұмыс орны, жастар практикасы, ұрпақтар келісім-шарты, күміс жас жобаларымен жұмыспен қамтуға, жаңа бизнес идеяларға арналған гранттарды алуға жәрдемдесуге ықпал етемін. Себебі әлеуметтік әлеуеті артып, біз қай салада болсын жасаған еңбегіміздің жемісін көре алмаймыз.

Жалағаш кентіндегі ең күрделі мәселенің бірі – автомобиль жолдары, көшелердің жарығы. Жасыратыны жоқ, жасалған жолдардың сапасы сын көтермейді, 2025 жылға дейін елімізде 96 мың шақырым жол салынып, күрделі жөндеуден өтеді деп күтілуде. Оның ішінде 71 мың шақырым жол жергілікті жерлерге тиесілі. Осы бағдарлама аясында аудан орталығының жолдарын күрделі жөндеуден өткізуге және көшелерді жарықтандыруға ықпал етемін.

Халықтың әл-ауқатын көтеру бағытында жұмыс жасап, әлеуметтік мәселелерді үнемі назарда ұстап, аз қамтылған, көпбалалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды назардан тыс қалдырмай, қамқорлық көрсетуге;

Оқруттегі кәсіпкерлер, шаруа қожалықтармен тығыз байланыста болып, мәдени, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласуларын ұйымдастыруға;

Аудан халқына жоғары білім беруге, сапалы медициналық көмек көрсетуді басты назарда ұстауға;

Ауданның санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, көгалдандыру мен абаттандыруға жұмыс жасау менің сайлауалды бағдарламамның басты шарттары болып табылады.



Маған дауыс берген сайлаушылардың сенімін ақтау үшін бар ынтымақпен жұмыс жасайтын боламын.

Елдің мәселесі ертеңге қалмасын десек, жарқын болашақты бірге құрайық. Ол үшін алдағы саяси науқанда белсенділік танытып, маған дауыс беруге шақырамын. Қай уақытта болсын халық сенімін, талап-тілегін бірінші орынға қойып, мәселесін шешуді күн тәртібімнен түсірмеймін.

### Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

## №5 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Дүзелбаева Салтанат Берикбаевнаның өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

### Өмірбаяны

Дүзелбаева Салтанат Берикбаевна 1969 жылы 21 қаңтарда Қызылорда облысы Жалағаш ауданында дүниеге келген.

1975-1985 жылдары аралығында Жалағаш кентінде орналасқан №31 орта мектепте білім алды.

1991-1996 жылдары аралығында Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да «Бастаушы сынып мұғалімі және мектепке дейінгі мекеме әдіскері» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

Отбасылы, жолдасы – Жүрсінов Бақтыбай Бақтиярұлы, жұмыссыз. 3 ұл тәрбиелеп отыр. Педагогикалық еңбек өтілі – 35 жыл.

Білімі жоғары. Санаты – I (2011ж), сарапшы педагог (2021ж), басшы-менеджер (2022ж).

Еңбек жолын 1988 жылы ГМК-17 мекемесіне қарасты балабақша тәрбиешісі болып бастаған.

1996-2001 жылдары аралығында №19 балабақша тәрбиешісі.

2001-2005 жылдары аралығында №202 орта мектебіне бастаушы класс мұғалімі.

2005-2006 жылдары аралығында №19 санаториялық балабақша меңгерушісі.

2007-2011 жылдары мектеп директорының бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары.

2011-2013 жылдары аралығында мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

2013 жылы «Арай» балабақшасы» МКҚК меңгерушісі.

2022 жылы конкурстық негізде «Ақмаржан» бөбекжай-бақшасы» МКҚК меңгерушісі болып тағайындалып, қызмет атқаруда.

Ол меңгеруші болған тұста, яғни 2022 жылы облыстық білім басқармасының басшысы М.Шермағанбет, облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы

Г.Есқалиеваның «Үздік әлеуметтік әріптес» номинациясына «Ақмаржан» бөбекжай бақшасы» МКҚК ие болды.

Дүзелбаева Салтанат Берикбаевна 2022 жылы Республикалық қоғамдық штаб жетекшісі Е.Қожановтың алғыс хатымен марапатталған.

2019 жылы ҚР Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетовтың алғыс хатына ие болған.

Бұрынғы «Нұр Отан» партиясының Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасарының алғыс хатымен марапатталған.

Республикалық «SKILLS AKADEMY» директоры Б.З.Телегеннің алғыс хатына ие болған.

Жалағаш ауданы өкімінің алғыс хатымен марапатталған.

### Сайлауалды бағдарламасы

### Құрметті сайлаушылар! Құрметті жерлестер!

Алдағы саяси науқанға қатысуымның өзіндік себебі бар. Әркім өзінің туған жерінің түлеуіне еңбек еткісі келеді. Менің де мақсат-мүддем осы. Рас, ауданда соңғы жылдары айтарлықтай оң өзгерістер орын алып жатыр. Атқарылған жұмыстарды жоққа шығара алмаймыз. Десе де өлі де шешімін таппаған күрделі мәселелер жоқ емес. Міне, сол мәселелердің шешіміне жұмыс жасау үшін алдағы сайлауда кандидат болып отырмын. Мен депутат болсам, елдің сенім сөйлеп, ел ішіндегі нөңдей мәселелерді шешуге жұмыс жасаймын? Осы орайда бірқатар мәселелерді сайлауалды бағдарламада қамтыдым.

Кентте міндетті салық төлемдерінің мерзімінде жиналуын және оның түсімін ұлғайту жұмыстарын үнемі жетілдіріп отыру қажет деп есептеймін. Сондықтан осы мақсатта жұмыс жасап, өңір қазынасын еселеуге жұмыс жасаймын.

Тұрғындардың қолайлы өмір сүруіне жағдай жасау үшін инвестиция тарту қажет. Ауданға құйылған инвестиция елді мекеннің екінің тынысын ашатыны айтпаса да белгілі. Сондықтан осы мақсаттың жүзеге асуына басымдық беремін.

2023 жылдан бастап жыл сайын кенттің ішкі көшелерін жөндеуден өткізу күн тәртібімнен түспейді. Жол сапасына қатысты мәселелерді ұдайы мінбердегілердің назарына салып отырамын.

Жалағаш кентінде мемлекеттен бөлінетін қаражаттар арқылы және жеке кәсіпкерлерді тарта отырып, балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын салуға жұмыс жасаймын.

Мемлекеттік бағдарламалар арқылы кенттегі кәсіпкерлікті дамыту, оның ішінде шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына қолдау көрсету қажет деп есептеймін. Себебі бір жағынан салада серпін қалыптасса, келесі кезекте жұмыссыздық мәселесіне жол бермейміз.

Кент ішінің көркі мен сәулетін келтіру үшін тиімді жобаларды жүзеге асыру қажет. Сондықтан кент ішінде көркейтуді, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын сапалы жүргізу қажет деп есептеймін. Бұл жұмыстар да менің ұдайы назарымда болады.

Кент тұрғындары арасында тазалықты сақтау мәдениетін арттыру керек.

2025 жылға дейін кенттегі электр желілерін қайта жаңғырту және көшелерді жарық шамдармен толық қамтамасыз етуге кеңіп бөлемін.

Жалағаш кенті және Дәуімбай елді мекенінде аяқ су мәселесін ретке келтіру керек. Бұған қатысты мәселелерді де мінбердегілердің назарына саламын.

Жаңа жұмыс орындарын ашу және жастардың жұмысқа орналасуына жағдай жасау, кент тұрғындарының табысын арттыруға ден қоямын.



Халықтың бұқаралық спортпен айналысуына және жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға жағдай жасау қажет.

Кент тұрғындарының ұсыныс-пікірлерін ескере отырып, оларды жүзеге асыруды ұйымдастырамын. Кенттегі қоғамдық-саяси ахуалды басты назарда ұстауға жұмыс жасаймын.

### Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

## №6 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Боранқұлов Абай Байпанұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

### Өмірбаяны

Боранқұлов Абай Байпанұлы Жалағаш ауданы Ақсу ауылында дүниеге келген. Қазіргі таңда кәсіппен айналысып, ауыл шаруашылығы саласында күршіс егумен айналысуда.

Ақсу ауылында 2018 жылдан бері егін шаруашылығын бастап, 70-ке тарта тұрғынды жұмыспен қамтып отыр.

«АВ АГРО ОРДА» ЖШС құрылтайшысы, «Ақбостай» ШҚ басшысы ретінде Ақсу ауылында спорт саласына демеушілік жасап, аудан бойынша жеңіс тұғырында Ақсу елді мекенінің атын шығаруға өз үлесін қосқан.

Ардагерлерді ардақтау – ізгілікті үрдіс. Өмір бойы табанды еңбек етіп, сындарлы кезеңдерде күш-жігерімен қайраткерлік танытқан қазыналы қарттарымызды құрметтеп, еліміздің рухани астанасы Түркістан қаласына саяхат ұйымдастырған.

Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларды қолдау, оларға тиісті көмек беруді азаматтық борышым деп біледі. Тұрғындардың қолайлы жағдайда болуы, әрбір тұрғынның сапалы өмір сүруі – ол үшін абырой.

Жалағаш кенті мен Ақсу ауылында «АВ АГРО ОРДА» және «Ақбостай» ЖШС арқылы көптеген жобалар қолға алынууда.

Осы арқылы жұмыссыздық деңгейінің түсуіне және тұрғындардың әл-ауқатының артуына тиісті жұмыстар атқарылады.

### Сайлауалды бағдарламасы

#### Құрметті жерлестер! Құрметті ауылдастар!

Биылғы саяси додаға №6 сайлау округі бойынша депутаттыққа түсуге бел будым. Сайлаушылардың сеніміне ие болсам, елді мекеннің дамуы бойынша өз сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

1. Тұрғындардың жайлы өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында Ақсу ауылына газ кіргізу жұмыстарына өз ықпалымды тигіземін. Аталған жұмыстың аяқсыз қалмауы, сапалы болуы және уақытында халыққа жетуі бірінші кезектегі жұмыс болмақ.

2. Сапалы жол адам өмірінде орын алатын құндылықтардың бірі дер едім. Ақсу ауылындағы ішкі көшелерге жөндеу жұмыстарын жүргізуге, сонымен қатар аудандық маңызы бар Ақсу ауылына кіреберіс автомобиль жолының жөндеуіне және Ақсу-Беркімбай кәліе аралығындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолының күрделі жөндеуіне атсалысамын.

3. Тұрғындардың амандығы мен балалардың қауіпсіздігі басты мәселе. Яғни Ақсу ауылына заманауи үлгідегі көшелерді жарықтандыру бойынша тиісті шаралар қолға алынады.

4. Ақсу ауылының мәдени ошағы саналатын ауылдық клуб ғимараты мен кітапхана апаттық білімді мен өмірлік тәжірибемді пайдалана отырып, мәслихат мінберінде халық атынан жергілікті билік өкілдеріне сауал қою арқылы, ауданға қызмет етуді жөн көрдім. Сол себепті сіздерге өзімнің сайлауалды бағдарламамды ұсынып отырмын.

5. Жас спортшылардың тәжірибе жинауына және жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында Ақсу ауылында футбол алаңын қайта жаңғырту және ауылдық спорт мектебін спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етемін.

6. Ақсу ауылында сапасы сын көтермейтін электр желілері бар. Аталған ауылға 2023 жылға тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы құрылысының толық аяқталуына бақылау жүргізілетін болады.

7. Ауылдың гүлденуі – еліміздің гүлденуі. Ақсу ауылының азаматы ретінде балаларға арналған ойын алаңы салынатын болады. Бұнымен қоса ауылмызды абаттандыру мақсатында орталық саябаққа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Ауылдың көркейту көгалдандыру жұмыстарының барлығы жеке қаражатым арқылы жүзеге асатын болады.

8. Өз сайлау округіме қарайтын «Береке» учаскесінде шешімін таппай келе жатқан мәселелер бар. Бұл мәселелердің шешімін табу барысында тұрғындармен бірлесіп бірігіп жеткізу мақсатында жұмыстар атқарылады. Яғни аталған учаскеге көркейту-көгалдандыру аясында балалар ойын алаңын салу, абаттандыру, тазалық жұмыстары мәселелерінің шешімі табылатын болады.

9. Тұрғындардың ұсынысы негізінде сапасы сын көтермейтін ПМК-09, А.Нұрғалиев көшелеріне жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

#### Құрметті ағайын! Құрметті сайлаушылар!

Алға қойған жоспарларымның орындалуына жиған тәжірибем мен қарым-қабілетімді, күш-жігерімді жұмсаймын. Мұның барлығы елдің игілігіне негізделген.



Әлбетте алдымен сіздердің қолдауларыңыз бәрінен маңызды. Сондықтан алдағы саяси науқанда баршаңызды маған дауыс беруге шақырамын. Мен үшін елдің мүддесі бәрінен жоғары.

**Жаңа Қазақстан! Сөзбен емес, іспен дәлелдейтін заман.**

**Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді**

## №6 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Ідірісов Рустам Болатбекұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

### Өмірбаяны

Ідірісов Рустам Болатбекұлы 1985 жылы 23 мамырда Жалағаш ауданы Мәдениет ауылында дүниеге келген.

1991-2002 жылдары Мәдениет ауылындағы І.Қабылов атындағы №32 орта мектепте білім алған.

2003-2007 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Химия және биология пәні мұғалімі» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын 2007 жылы аудандық білім бөлімінде әдіскер болып бастаған.

2007-2010 жылдары кент орталығындағы Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектепте химия және биология пәнінің мұғалімі болып қызмет етті.

2008-2009 жылдары ҚР Қарулы күштері қатарында әскери борышын өтеді.

Тынымсыз еңбекқорлық пен өзіне білдірілген сенімді жауапкершілікпен алып жүруінің арқасында 2010 жылы Жалағаш ауданының психологиялық, медициналық, педагогикалық консультациясының меңгерушісі болып тағайындалды. Ұстаз деген атауды абыроймен алып жүріп қызмет еткен жылдары облыс, аудан көлемінде түрлі марапаттарға ие болды.

Қазіргі таңда Қарақеткен ауылындағы №114 орта мектеп директорының бағдарлы жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметін атқаруда.

Отбасылы, 1 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отыр.

### Қадірлі жерлестер!

Мен 19 наурызда өтетін еліміз үшін маңызды ҚР-ның Мәжіліс және түрлі деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлау науқанына үміткер ретінде тіркелдім. Өз туған жеріме қалтқысыз қызмет ету

парызым деп ойлаймын. Ел болған соң мәселе болады. Бірақ сол мәселенің дер кезінде шешімін табу қоғам үшін пайдалы. Сондықтан мен өзімнің білімді мен өмірлік тәжірибемді пайдалана отырып, мәслихат мінберінде халық атынан жергілікті билік өкілдеріне сауал қою арқылы, ауданға қызмет етуді жөн көрдім. Сол себепті сіздерге өзімнің сайлауалды бағдарламамды ұсынып отырмын.

### Сайлауалды бағдарламасы

1. Менің алдағы мақсатым – ел сенімін арқалап, туған өлкем және туып өскен халқы үшін тиімді де ұтымды шешімдер қабылдануына өз үлесімді қосу. Болашақтың жарқын болуы бүгіннен басталады.

2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауларында көрсетілген бағдарламалық тапсырмалардың жергілікті жерде іске асуына ықпал етуді басты парызым деп санаймын. Осы ретте келесі жұмыстарды қамтамасыз етуге қызмет етемін:

3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саясатын, «АМАНАТ» партиясының алға қойған міндеттерін орындау мақсатында халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға күш-жігерімді жұмсаймын.

4. Ауыл көшелерінің түнгі электр жарығымен толық қамтамасыз етілуі мен үздіксіз жарықтандырылып тұруы үшін қажетті қаржы бөлізуге ықпал жасаймын.

5. Өскемелі ұрпақтың бойында сапалы білім мен саналы тәрбие беру ісін жақсарту мақсатында педагогтардың мәртебесін көтеруге, балалардың толық мектепке тартылуын қамтамасыз етуге, тұрмысы төмен отбасы балаларына қамқорлық жасауға, оқу орындарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталған жұмыстар жүргіземін.

6. Тұрғындарды аяқ сумен қамтамасыз етуге, мемлекеттік бағдарламалар аясында автокөлік және жаяу жүргіншілер жолдарының асфальттануы мен абаттандыру, көркейту-көгалдандыру бағытындағы жұмыстарға бюджеттен қаржы бөлізуге және жергілікті ресурстарды пайдалануға күш саламын.

7. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін азайтуға бағытталған кешенді шаралар қабылдауға атсалысатын боламын.

8. Ауыл жастарының жұмыстан бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында әр спорт түрлерінен әуесқой көше клубтарын құруға атсалысамын.

9. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында болашақтың негізін қалайтын жастар мен жасөспірімдердің бойында жемқорлыққа мүлдем төзбешілік принциптерін күшейтуді негізге ала отырып, жүйелі жұмыстарды жандандырамын.

10. Жастарды салауатты өмір сүруге тәрбиелеу мақсатында аудан бойынша кешенді шараларды қабылдау, мектеп жасынан «Белсенділер мектебін» ұйымдастыру арқылы еңбек ардагерлеріне көбірек көңіл бөлу жұмыстарын ұйымдастырамын.

11. Зейнеткерлер, ардагерлер, ерекше көңіл бөлу қажет ететін жандар мен тұрмысы төмен отбасылардың мұң-мұқтажын тиімді орындарға жеткізіп, оңтайлы шешім табуына күш-жігерімді саламын.

12. Азық-түлік өнімдері мен күнделікті тұрмыстық қажеттілік тауарларының баға реттелуінің тұрақты сақталуына басым көңіл бөлемін.

13. Сайлаушылар пікірін, сауалдары мен түйткілді мәселелерінің тиімді шешіміне қолдау беруге мақсатында жұмыстарды жүргіземін.

14. Ауыл тұрғындарын арзан әрі жаңа піскен көкөністермен қамту мақсатында жылыжай салуға қолдау көрсетемін.



#### Құрметті сайлаушылар!

Егер сіздердің қолдауларыңызға ие болып, мәслихат депутаты болып жатсам, аталған бағдарламамды іс жүзінде жүзеге асыруға барлық күш-жігерімді саламын. Алдағы саяси науқанда сіздердің тараптан белсенділігі күтөмін және маған дауыс берулеріңізді сұраймын. Үміттеріңізді ақтайтын боламын!

**Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді**

## №6 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Мерекеев Жарасбек Ұлтанұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

### Өмірбаяны

Мерекеев Жарасбек Ұлтанұлы 1982 жылы 31 қаңтарда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Ақсу ауылында дүниеге келген.

Отбасылы, 3 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отыр.

Жоғары білімді, 1999-2001 жылдары Шымкент Экономика және құқық колледжін «Экономист-бухгалтер» мамандығы бойынша бітірген.

2006-2010 жылдары Алматы экономика және статистика академиясын «Қаржыгер» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2002-2006 жылдары «Сәрке батыр» ЖШС-да нормалаушы, есепші және бригадир көмекшісі қызметтерін бастаған.

2006-2007 жылдары «Арбель» ЖШС-да экспедитор, супервайзер;

2007 жылы «Дом Кредитов К» ШНҰ» ЖШС-да менеджер, аға менеджер;

2008-2011 жылдары «Алатау» ШНҰ» ЖШС-да несиелі инспектор;

2011-2013 жылдары «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да менеджер, аға менеджер;

2014-2015 жылдары «Жалағаш» ӨСК» ТК-да басқарма төрағасы;

2016-2020 жылдары «Сырдария-1» НС» ЖШС-да басқарма төрағасы болып абыройлы еңбек еткен.

### Сайлауалды бағдарламасы

#### Қымбатты жерлестер!

Мен қасиетті Жалағаш ауданы Ақсу ауылында туып-өстім. Туған өлкемнің тарихын да, халқымын басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерді де жақсы білемін. Жоғары оқу орнын бітіріп, еңбек жолым ауыл шаруашылық

саласынан бастау алып, ауыл шаруашылық саласын қаржыландыру бағытында саналуан жұмыстарға, әсіресе халықты кәсіпкерлік саласында несиелен қамтамасыз етуге, кәсіпкерлік саласын дамытуға зор үлесімді қосып келемін және бұл бағыттағы жұмыстарымды халық біледі.

ҚР Президентінің 19 қаңтарда ҚР Парламенті Мәжілісіне және жергілікті мәслихаттарға депутаттар сайлауын тағайындау туралы Жарлығы шыққаннан кейін аудандық мәслихаттың депутаты болуға бел буып, Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына №6 округтен кандидат болып тіркелдім. Бұл – халқымын аманатты, мен үшін үлкен жауапкершілік. Аудандық мәслихаттың депутаттық мандаты мансап та, мақсат та емес. Мақсатым айқын ол – халықтың сұрауың, қажетін орындау!

Өңірді жан-жақты дамытудың барлық мәселесі аудандық мәслихат депутаттары арқылы шешіліп келеді. Өңіріміздің қай жерінде де тұрғындар өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселесін алдымен өздері сайлаған депутаттарға айтып жатады, өйткені депутат – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат.

Халық қалаулысы еділ, шыншыл, адал, ел-жұрттың түйткілін түсінетін, шешу жолдарын ұсынатын адам болуы керек, саясатты саралап, заңды терең білгені абзал. «Мәжіліс пен мәслихат – салмақты ой айтылатын тұлғалар мінбері» дейді халық, сондықтан ел алдағы сайлауда көптің көңілінен шығатын тұлғаларды көргісі келеді.

Қазіргідей күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесін табулы кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін.

Мен сайлаушылардың сенімін иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізем, мынадай өзекті мәселелердің оң шешімін табуына ықпал жасаймын.

1. Халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына және мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалардың іске

асуына ықпал жасау.

2. Ауыл шаруашылығын, шаруа қожалықтарды, ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші кооперацияларды және ауыл шаруашылық өнімдерін жан-жақты өңдеуді мемлекеттік қолдау тиімділігін арттыруға және инвестиция тартуға ықпал жасау.

3. Тәжірибелі қаржыгер ретінде төменгі пайызды несиелер арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, мемлекеттен бөлінетін субсидиялар мен гранттарды алуға ықпал жасау.

4. Ауыл-аймақтың аяқ су жетіспейтін жерлерін тазалық жұмыстарының жүргізілуіне ықпал жасау.

5. Инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде ауыл жолдарын жөндеуден өткізуге, Ақсу ауылын көгілдір отынмен қамтамасыз етуге ескірген жоғары кернеулі подстанцияларды жаңартуға ықпал жасау.

6. Жалағаш кенті ішіндегі маршруттың біріне жүру кестесіне өзгеріс енгізіп, атап айтқанда, Ө.Тұңғышбаев көшесімен М.Әбішевтер арқылы айналып шығуына ықпал жасау.

7. Ауылдағы балалардың бос уақытын тиімді өткізу үшін үйірмелердің ашылуына және балалар ойын алаңдарының салынуына ықпал жасау.

8. Мәдениет және спорт саласын дамыту, оның ішінде Ақсу ауылына заманауи үлгідегі мәдениет үйі мен спорт кешенінің салынуына ықпал жасау.

9. Қай салада да жемқорлық әрекеттерге жол бермеу, адамдарда жемқорлық әрекеттерге қарсы тұратын ахуал қалыптастыруға ықпал жасау.

10. Жергілікті жас мамандарды тұрақты жұмыспен қамтуға ықпал жасау.

11. «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасы бойынша жас жанұялар мен мүмкіндігі шектеулі балалар бар отбасыларды баспанамен қамтамасыз етуге ықпал жасау.



12. Жастар бастамаларын барынша қолдай отырып, олардың тегін оқып, мамандық алуы үшін ықпал етемін.

#### Қымбатты жерлестер!

Сіздерді өз таңдауым дұрыс жасайды деп үміттенемін! Туған жерімізді бірге түлетейік! Менің ұраным – «Шындықты айтып, ол үшін күресу керек!»

**Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді**

## №6 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Елеусінов Айдос Мырзабекұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

### Өмірбаяны

Елеусінов Айдос Мырзабекұлы 1982 жылы 17 желтоқсанда Жалағаш ауданы Ақсу ауылында дүниеге келген.

1989-2000 жылдары №116 орта мектепте орта білім алды.

2001-2005 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде химия-биология мамандығы бойынша білім алған.

2006 жылы Ақсу ауылындағы №116 орта мектебінде химия пәні мұғалімі ретінде еңбек жолын бастаған.

2007 жылы аталған білім ордасында мектеп директорының бағдарлы оқыту жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.

2022 жылдың тамыз айынан бастап №116 орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды.

Отбасылы, 4 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отыр.

### Құрметті жерлестер!

«Жас келсе, іске» демекші, көлге тамған тамшыдай болса да еліме, мемлекетіме қызмет жасап, ауыл тұрғындарының қолайлы өмір сүруіне жағдай жасау мақсатында Ақсу ауылдық округінен мәслихат депутаттығына үміткер ретінде өз кандидатурамды ұсынып отырмын.

Ақсу ауылы кент орталығына жақын орналасқандықтан ауылдың тыныс-тіршілігі маған жақсы таныс. Ауыл халқының әл-ауқатын арттыру, инфрақұрылымды дамыту, шағын және орта кәсіптің көбірек ашылуына қолдау көрсету, ауыл жастарын мүмкіндігінше жұмыспен қамту алдымен өз

адамгершілік борышым деп білемін. Сол себепті үгіт-насихат жұмыстары аясында сіздерге өзімнің жүйелі жоспарланған сайлауалды бағдарламамды ұсынып отырмын.

### Сайлауалды бағдарламасы

#### Ауыл көркі басты назарда

Ауыл тұрғындарымен етене араласып, ұсыныс-пікірлерін ескере отырып жұмыс жасаймын.

Ақсу ауылының көркейтіп-көгалдандыру жұмыстарына, ауылдық маңызы автомобиль жолына жөндеу жұмыстарын ұйымдастыруға ықпал жасаймын.

Ақсу ауылының ішкі көшелерін күрделі жөндеуден өткізуге қолдау білдіремін.

Ауылдағы мобилді интернет байланыс жиілігі мен жылдамдығын көтеру бағытында жұмыстар жасаймын.

Ауылдық елді мекенде аяқ су мәселесін ретке келтіремін.

Ақсу елді мекеніне газ тарту желілерінің және жеткізуші газ құбырының құрылысын салуды қамтамасыз етемін.

Сондай-ақ ауылда балабақша және балаларға арналған ойын, спорт алаңдарын салуға ықпал жасаймын.

Ауыл халқының тазалықты сақтау мәдениетін арттыру, жастар арасында тазалықты насихаттау шараларын ұйымдастыру бойынша қызмет етемін.

#### Кәсіпкерлік – дамудың дара жолы

Кәсіпкерлік ел экономикасының басты секторы екені белгілі. Осы орайда шағын және орта

кәсіпкерлікті дамыту, сол арқылы ауылға бизнес өкілдерін тарта отырып, тұрғындар әлеуетін арттыру басты назарымда болмақ.

Қазіргі таңда қабылданып жатқан мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау арқылы кәсіпкерлікті қолдау және шағын, орта бизнестің дамуына үлес қосамын.

Ауыл тұрғындарының қолайлы өмір сүруі үшін әлеуметтік теңсіздікке жол бермеймін.

#### Білім беру, спорт саласы және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – басты міндетім

Ұлт болашағы балалардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына, бүлдіршіндердің толықтай балабақшамен қамтылуына, оқушылар мен мұғалімдердің білімі мен біліктілігін арттыруда жаңа тәсілдерді қолдануға ықпал жасаймын.

Жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануға арналған спорттық секциялардың жұмыстарын жандандыруға күш-жігерімді саламын.

Құқық бұзушылық пен қылмыстылықтың және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға ықпал жасаймын.

Ауылдық округте қылмыстың, тәртіпсіздіктің алдын алу мақсатында құзырлы мекемелермен бірлесіп, бейнебақылау камераларын орнатуға жұмыс жасаймын.

Ауылдық округтегі үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсетемін.

Жастардың деструктивті діни ағымға еріп кетпеуі мақсатында танымал теологтарды шақыртып, семинарлар ұйымдастыруды қолға аламын.



### Құрметті сайлаушылар!

Менің сайлауалды бағдарламамда ауыл тұрғындарының әлеуетін арттыруда атқарылатын барлық жұмыстар шет қалмады деп ойлаймын. Енді тек соны жүзеге асыру – менің басты мақсатым. Әуелі Алла, сіздердің қолдауларыңызға ие болсам, мақсатымды іске асыру өмірлік ұстанымым болмақ. Сол себепті ерқашан ауыл тұрғындарымен кері байланыс орнатуға дайынмын!

**Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді**

## №7 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Байжанов Жантас Нағыметұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

### Өмірбаяны

Байжанов Жантас Нағыметұлы Қызылорда облысы Жалағаш ауданы М.Шәменов атындағы ауылда 1979 жылдың 27 маусым күні дүниеге келген.

1986-1996 жылдары Ә.Бердаулетов атындағы №34 орта мектепте 11 жылдық білім алған.

1998-2002 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде жоғары білім алған.

2002-2009 жылдары Қызылорда облысы Жалағаш ауданындағы Ә.Бердаулетов атындағы №34 орта мектепте мұғалім болған.

2009-2010 жылдары Қаракеткен ауылындағы №114 орта мектепте мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарған.

2010-2014 жылдары аудандық білім бөлімінде әдіскер.

2012-2013 жылдары «Ақтерек» сауықтыру лагерінде білім бөлімінің бұйрығымен маусымдық директорының қоса атқарған.

2014-2015 жылдары аудандық «Ақтерек» сауықтыру лагерінде директор болып еңбек етті.

2015 жылдан бастап М.Шәменов ауылындағы Ә.Бердаулетов атындағы №34 орта мектепте мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарып келеді.

### ҚАДІРЛІ АҒАЙЫН! АСА ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Мені түлетіп өсірген, сапалы білім мен саналы тәрбие берген туған жерім М.Шәменов ауылының сенімін арқалап, ел үмітін ақтау, халықпен санаса отырып, арман тілек, мақсаттарына қол жеткізе көмек беру – менің басты қағидам.

Қазіргі уақытта Қазақстан дамудың жаңа дәуіріне қадам басты. Біздің алдымызда сіздермен бірге туған елге ішкі экономикалық әл-ауқатын көтеру, жаңа реформаларды табысты іске асыру және әділетті Қазақстанды құру міндеті тұр.

Өздеріңіз білетіндей 2023 жылдың 19 наурыз күні еліміз бойынша ҚР-ның Парламенті Мәжілісінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары сайлау науқаны өтеді. Осы сайлау барысында М.Шәменов ауылында орналасқан №7 сайлау округінен аудандық мәслихат депутаттығына өзін-өзі ұсыну тәртібі бойынша үміткер болып отырмын. Осындай жауапты кезеңде ел болып бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ауызбіршілік таныта білесек, нұр үстіне нұр болар еді.

Туған жерім түлету, қызмет жасау, оны көркейту әрбір адамзат баласының арманы деп білемін. «Туған жерге тағзым», «Туған жерге туыңды тік» деген ұлағатты сөздер бекер айтылмаған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз сайлауалды бағдарламасында атап көрсеткендей, шалғай жатқан ауылдарды дамытуды, экономикалық әл-ауқатын көтеруді, ауыл өміріне жаңаша жан бітуді атап айтқан болатын.

Соның негізінде мен өз ауылымды дамыту мен көркейтуге ат салысып, осы алда болатын сайлау додасына түсіп, өз бағымды сынап көріп келді.

Осы жоғарыда айтылған ауыл азаматтарының көптен көкейінде жүрген түйткіл мәселелерді шешу және бірге жұмыс жасау үшін сайлауалды бағдарламама маңызды деген мәселелерді енгізе отырып, сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

#### АУЫЛЫМ – АЛТЫН БЕСІГІМ

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып отырған «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында ауыл адамына мемлекет тарапынан берілетін көмек пен жеңілдіктер аясын кеңейту – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі.

Ауыл айналасындағы жайлымыздық жер ауқымын кеңейту.

Бұл мәселенің ауыл халқын толғаңдырып келе жатқанына да қаншама жылдар болды. Отбасы мен балаларының игілігі

үшін әрбір отбасы мал асырап, оның рахатын көргісі келеді. Осы мәселенің оң шешімін табу үшін аяңбай еңбек етемін.

М.Шәменов, Қаракеткен, Далдабай елді мекендеріне газ тарту жұмысын жеделдетуге ықпал ететін боламын.

Далдабай ауылының көшелерін жарықтандыру, жолдарына асфальт төсеу жұмыстарына атсалысамын.

Ауыл балаларының ойын алаңдарын салуды, бос уақытын сол талапқа сай ойын алаңдарында өткізуді іске асыруды қолға аламын.

Ауыл халқының бірден-бір мәселесі – жұмыссыздық. Тұрақты жұмыспен қамту, жұмыс көздерін ашу жолын таба отырып, жұмыссыздықты жоюға атсалысатын боламын.

Әрбір отбасы көктем мезгілінде ауласындағы азын-аулақ жерлерінде бақша егіп, жемісін жемісі келеді. Осы орайда ауылдағы аяқ су мәселесін түбегейлі шешуді қолға аламын.

Ауылдағы әлеуметтік нысандарды, яғни мәдениет үйі, мектеп, емхана, балабақша ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу мәселесін шешу де күн тәртібімізнен түспейді.

#### БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Біздің алдымызда тың идеяларға ашық, сыни және креативті ойлай алатын, ізденімпаз, өмірін білім мен кәсіби қабілетін жетілдіруге арнауға дайын азаматтарды тәрбиелеп шығару мақсаты тұр. Ол үшін ауылдарда «Өнер» мектебінің ғимаратын салуға жұмыс жасау және түрлі бағыттағы үйірмелер мен спорттық секциялар ашу, оған ауыл жастарын тарту мақсаты тұр.

Мемлекет басшысының бастамасымен іске асырылып отырған «Жайлы мектеп» жобасы аясында алдағы уақытта мектеп ғимаратының жанынан мектеп сыйымдылығының аздығына байланысты жаңа бастауыш ғимарат жұмысы мен талапқа сай спорт зал салдыру кезек күттірмейтін мәселе екенін айтқым келеді.

«Жасыл мектеп» жобасы аясында мешенаттар мен демеушілер тарта отырып, мектеп жанынан «Жылыжай» ашуды, балаларды осы жылыжайда еңбекпен тәрбиелеумен



зерттеу жұмыстарын жүргізуге қолайлы жағдай жасауға жұмыс жасаймын.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір салты мен денсаулығын нығайту мақсатында 5-7 сынып оқушыларын мектеп асханасынан бар мезгіл тамақтануды ұйымдастыруды жүзеге асыруға ықпал етемін.

### АСА ҚЫМБАТТЫ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Осындай сындарлы кезеңдерде ел аманатын арқалай отырып, ауылымыздың болашағына бейжай қарамайтын барша азаматты өзіміз сайлауалды бағдарламада атап көрсетілген біршама жобаларымызды жүзеге асыруды қолдауға, Жаңа Қазақстан құру идеясының төңірегіне бірігіп, халық болып бастамаларға бірге атсалысуға шақырамын!

**Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді**

## №7 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Наурызбаев Ерболат Сабыровичтың өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

### Өмірбаяны

Наурызбаев Ерболат Сабырович 1980 жылы 19 қарашада Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылында дүниеге келді.

1987-1997 жылдары Қаракеткен ауылындағы №114 орта мектепте білім алып, 1997 жылы Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің «Тарих» факультетіне оқуға түсіп, 2001 жылы «Тарих пәні оқытушысы» мамандығы бойынша бітіріп шықты.

2001-2002 жылдары Алматы қаласындағы 5572 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын өтеді.

2006 жылы №114 орта мектепке тарих пәні мұғалімі болып қабылданды.

2008 жылдан бері аталған білім беру ордасында мектеп директорының бейінді оқыту жөніндегі орынбасары, оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келеді.

Еңбек еткен жылдардан бері білім ордасының дамуына өз үлесін қосып келеді.

Ауылда әртүрлі қоғамдық жұмыстарға белсене араласады.

Әртүрлі марапаттардың иесі, аудандық білім бөлімінің, Қызылорда облысы білім саласындағы сапаны бақылау департаментінің алыс хаттарымен, Қызылорда облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының «Құрмет» грамотасымен, «Апапап» партиясының «Құрмет» грамотасымен марапатталған.

Көптеген қайырымдылық акциясына қатысып келеді. «Мектепке жол», тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасыларына, мүмкіндігі шектеулі жандарға тағы басқа қайырымдылық шараларға белсене араласып, көмек беріп келеді.

Отбасылы, 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отыр.

### Құрметті жерлестер!

Мен Тәуелсіз Қазақстан республикасының азаматы ретінде, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында халыққа қызмет етуді өзімнің азаматтық борышым деп санаймын. Мен білім саласында қызмет жасаймын. Сонымен қатар басқа салалардың да дамуына өз үлесімді қосқым келеді. Еліміздің саяси өмірінде өз өзгерістер болып жатыр.

### Сайлауалды бағдарламасы

Мен сайлаушылардың сенімінен шығып, депутат болып сайлансам, аудан көлеміндегі өзекті мәселелерді шешілуіне жұмыс жасаймын. Сайлауға қатысушы кандидат ретінде мен өз сайлауалды бағдарламамды төмендегіше ұсынамын.

#### Халық тұрмысын жақсарту – басты бағыт

1. Өз өнімдерін шығаратын жаңа кәсіпорындар ашу мақсатында аудан кәсіпкерлеріне қолдау көрсету;  
2. Елді мекендердің тозған асфальт көшелеріне қайта жаңалау жұмыстарын жүргізуге ықпал ету;  
3. Елді мекендердегі электр бағандары мен сымдарының ескіргендігі белгілі. Сондықтан кезек-кезеңімен ауыстырылып, жаңалау жұмыстарының жүргізілуін басты назарға алу;  
4. Барлық салада жемқорлық әрекеттерге жол бермеу, адамдарда жемқорлық әрекеттерге төзбестік ахуал қалыптастыру;  
5. Елді мекендерге аяқ су келтіру мақсатында

арықтар қазу, көмілген арықтарды тазалау, ауыл көшелеріне түрлі ағаштар отырғызу, саябақтар жасауға ықпал ету;

#### Тұрғындар әлеуметтік тұрғыда қорғалуы керек

6. Аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардың балаларына әлеуметтік көмек көрсету, ыстық тамақпен және киім-кешекпен қамтамасыз етілуін, сауықтыру-демалыс лагерлерінде болуына қолдау көрсетіп, бақылауға алып отыру;

7. Ауылдар бойынша күрделі жөндеуді қажет ететін медициналық нысандарды жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне ықпал ету;

#### Жастар – елдің үкілі үміті

8. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша ауылға келген жас мамандарды тұрақтандыру мақсатында тұрғын үймен қамтамасыз ету, көтерме жәрдемақысын алу жұмыстарының орындалуына жағдай жасау;

9. Балаларға арналған спорт алаңдары мен мәдени нысандардың салынуына ықпал жасау, оларға спорт, мәдени мұра мен шығармашылық белсенділіктерін насихаттау және дамыту үшін жағдай жасау;

10. Жастардың бос уақытын тиімді пайдалану, жастар арасында мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастыру, жастар саясатын жүзеге асыру, жастарды қоғамдық-саяси өмірге тарту, салауатты өмір салтына тәрбиелеу;

11. Елді мекендерді газдандыру жұмыстарының жүргізілуіне ықпал ету;



12. Жастарды тұрақты жұмыспен қамту;  
13. Жастарды қолдай отырып, олардың тегін оқып, мамандық алуына жағдай жасау.

### Құрметті сайлаушылар!

Мен сіздердің сенімдеріңіз бен қолдауларыңызды ақтауға және болашағымыз үшін жұмыстар ұйымдастыруға бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Сіздерді өз таңдауың дұрыс жасайды деп үміттенемін!

**Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді**

## №7 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Елеусінов Өмірзақ Тұрымбетұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

### Өмірбаяны

Елеусінов Өмірзақ Тұрымбетұлы 1963 жылы 27 шілдеде Жалағаш ауданы Коммунизм кеңсінде, қазіргі Мөрәлі Шәменов ауылында дүниеге келген. 1985 жылы Жамбыл гидромелиорация құрылыс институтының Қызылорда филиалын «Инженер-құрылысшы» мамандығы бойынша аяқтаған. Еңбек жолын 1985 жылы Жалағаш ауданы Жаңадария кеңсінде құрылыс шебері болып бастаған. 1985-1987 жылдары Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеген. 1987-1994 жылдары Жалағаш аудандық агроөнеркәсіп бірлестігінде, МПМК-08 мекемесінде инженер-құрылысшы; 1994-1998 жылдары «Жігер» ЖШС төрағасы; 1998-2004 жылдары Жылжымайтын мүліктер орталығы Жалағаш аудандық филиалының басқарушысы; 2004-2008 жылдары Жалағаш кентінің әкімі; 2008-2009 жылдары «БТА Банк» АҚ-ның аудандық бөлімшесі бастығы; 2009-2013 жылдары Жалағаш аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі бастығы; 2013-2014 жылдары Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бастығы; 2014-2018 жылдары Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған. 2018 жылдан бастап Жалағаш аудандық тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысы қызметін атқарып келеді.

### Құрметті сайлаушылар!

Осы уақытқа дейін ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына шама-шарқымызша еңбек еттік. Осы жолда жиі тәжірибемді өлі де өңірдің өркендеуіне жумсаймын. Алдағы сайлауға үміткер ретінде арнайы бағдарлама әзірлеп, онда өңірдегі өзекті мәселелерді қамтыдым. Ал оның шешімін табуға жұмыс жасау үшін сіздердің қолдауларыңыз бәрінен маңызды. Сондықтан алдағы саяси науқанда баршаңызды дауыс беруге шақырамын.

### Сайлауалды бағдарламасы

#### Өңірді көркейту – басты міндетім

- Жалағаш ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы, өзекті мәселелері бойынша түрлі деңгейдегі атқарушы, өкілетті органдар алдына мәселе көтеріп, оң шешімін табуға ықпал ету;
- М.Шәменов, Қаракеткен, Далдабай елді мекендерін көркейту-көгалдандыру, абаттандырылуына, аяқ су мәселесінің шешілуіне, кіреберіс жолдардың, ішкі көшелердің жөнделуіне, жарықтандырылуына жұмыс жасау;
- Елді мекендерді газдандыру, электр жүйесін қайта жаңғырту жұмыстарына ықпал ету;

4. Қаракеткен ауылында дәрігерлік емхана құрылысы және 150 орындық ауылдық клуб құрылысы, Далдабай елді мекенінде 100 орындық ауылдық клуб құрылысы жобаларын облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2023-2027 жылдардағы кешенді жоспарына енуіне жұмыс жасау;

#### Мақсат – әлеуметтің әлеуетін арттыру

- Ауыл шаруашылығын дамытуға мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктер мен қаржылай қолдауға шаруа қожалықтардың толық қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Жастарға, олардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету;
- Жас ұрпақты отансүйгіштікке, еңбек етуге, тазалыққа тәрбиелеу жұмыстарының кешенді шараларын ұсыну;
- Қазіргі таңда қоғамның басты дерті сыбайлас жемқорлықпен күрестің алғы шебінде болу, мемлекеттік органдар қызметінің мөлдірлігін, ашықтығын қамтамасыз етуге өз құзіреті шегінде ықпал ету;
- Әділетті Қазақстан құру – тарихи жауапкершілік
- Жаңа, әділетті Қазақстанды құру жолындағы еліміздегі саяси жаңғыру, экономикалық өзгерістердің жергілікті жерлерде орындалуына атсалысу;



10. Қазіргі таңдағы күрделі мәселенің бірі – дің, жастардың жаппай теріс бағыттағы діни ағымының жетегінде кету қаупінің алдын алу жұмыстарының кешенді түрде жүргізілуіне өз құзіреті шегінде ықпал жасау;

11. Сайлаушылармен тұрақты кездесіп, олардың мұң-мұқтажын ескеріп, тиісті органдарға ұсыныс қойып, олардың оң шешілуіне ықпал жасау.

**Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді**

## №8 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Құдабаев Даурен Қожабекұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы



### Өмірбаяны

Құдабаев Даурен Қожабекұлы 1985 жылы 26 сәуірде Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылында дүниеге келген. Жоғары білімді. 1991-2002 жылдары №118 орта мектеп, 2002-2006 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Тарих-құқық, экономика негіздері» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2008 жылдың 1 қыркүйегінде №11 Қызылорда қалалық мектебінде мұғалім болып бастаған. 2014 жылдың 1 маусымынан бастап «Нұр» шаруа қожалығында агроном болып еңбек еткен. 2019 жылдың 7 тамызынан бастап осы уақытқа дейін «Өтегенов С» шаруа қожалығының төрағасы болып абыройлы еңбек етті. Отбасылы, екі ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр.

### Сайлауалды бағдарламасы

#### Қымбатты жерлестер!

Мен қасиетті Жалағаш ауданына қарасты Таң ауылы топырағында туып-өстім. Туған өлкемнің тарихын да, халқымыздың басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерді де жақсы білемін. Жоғары оқу орнын бітіріп, ағартушылық және ауыл шаруашылығы саласында жұмысқа тұрғаннан бері осы елімізді дамыту жолындағы саналуан жұмыстарға белсене араласып келемін. Биылғы 19 наурызда ҚР Парламенті Мәжілісіне және жергілікті мәслихаттарға депутаттар сайлауын тағайындау туралы Президент Жарлығы шыққаннан кейін аудандық мәслихаттың депутаты болуға бел будым. Өлкемізді жан-жақты дамытудың барлық мәселелері аудандық мәслихат депутаттарының қолдауымен шешіліп келеді. Бұқарбай батыр және Таң ауылдық округтерінде шешімін күткен мәселелер жетіп артылады. Екі ауылда да тұрғындар өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселесін алдымен өздері сайлаған депутаттарға айтып жатады. Өйткені депутат – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқаалаған азамат. Бүгінгідей күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін. Мен сайлаушылардың сенімін иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, екі ауыл бойынша мынадай өзекті мәселелердің оң шешімін табуына жұмыс жасайтын боламын.

### Бұқарбай батыр ауылдық округі бойынша

Бірінші кезекте батыр атындағы ауылдағы №33 орта мектептің ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге ықпал ететін. Былтыр 8 млн теңгеге жоба сметалық құжаттары әзірленген. Мектепті жаңа үлгідегі пәндік кабинеттермен жабдықтау қажет. Бұқарбай батыр ауылының ішкі көшелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге қаржы бөлінуіне ықпал ететін. Себебі жол, жарық, аяқ су, ауыз су сынды мәселелер бірінші кезекте шешілуі тиіс. Ауылдың көшелеріне жарықтандыру жұмыстарын жүргізуді кезек-кезеңімен жүзеге асыруды қамтамасыз ететін. Бұқарбай батыр ауылының орталығына абаттандыру жұмыстарын жүргізуді де күн тәртібінен түспейді. Себебі қоршаған ортаның, жалпы біз өмір сүріп жатқан қоғамның тазалығы баршамыз үшін аса маңызды. Соңғы жылдары аймақта ғана емес, жалпы елімізде аяқ суға қатысты мәселе күрделеніп келеді. Сырдарияның трансшекаралық өзен екенін, сағанын соңында Қазақстан, оның ішінде Қызылорда облысының орналасқанын ескерсек, бұған түсіністікпен қарауға болады. Алайда кез келген тығырықтан шығатын амал болуы тиіс деп есептеймін. Сондықтан алдағы уақытта аудандағы, оның ішінде Бұқарбай батыр ауылындағы аяқ суға қатысты мәселені халықтың бірлесіп шешілу жолдарын қарастырамын. Ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіп секторының алға қарай дамуына өз үлесімді қосамын. Себебі Жалағаш аграрлық аудан болғандықтан оған қарасты кез келген елді мекенде бұл салаға қатысты мәселе болмауы тиіс.

### Таң ауылдық округі бойынша

Таң ауылындағы «Бозарық» каналының көпірін қайта жаңғыртуға қаржы бөлінуіне ықпал ететін. Рас, соңғы жылдары ауданда көпір құрылысы қарқын алды. Ендігі

кезекте бұған қатысты жұмыстар Таңда да жалғасын табуы тиіс деп ойлаймын. Полигон құрылысының салынуына атсалысамын. Ауылдағы Елтай молда көшесінің жарықтандырылуына жұмыс жасаймын. Екі ауылдық округ бойынша газдандыру мәселесін де мінберде көтеріп, оның шешімін табуына ықпал ететін. Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына жағдай жасап, кәсіпкерлердің мемлекеттік бағдарламаларға белсене қатысуын ұйымдастырамын. Себебі аудан әлеуетін, халықтың тұрмыс сапасын, жалпы әлеуметтік әлеуетін арттыруда бұл бағыттағы жұмыстар ерекше маңызға ие. Себебі кәсіпкерлік саласы дамыса, ауылдарда бос жаңа жұмыс орындары құрылады. Демек, бір ғана кәсіпкерлік саласын дамыту арқылы бірнеше мәселенің шешімін табуға жол ашамыз. Жастар бастамаларын барынша қолдай отырып, олардың тегін оқып, қазіргі заман талабына сай мамандық иесі атануына, жұмыспен қамтылуына жағдай жасаймын. Мемлекеттің болашағын олармен байланыстырғандықтан біз жастар саясатының жүйелі жүзеге асыруа басымдық беріміз керек.

### Құрметті жерлестер!

Алдағы сайлауға бір кісідей белсене қатысып, өз таңдауларыңызды жасауға шақырамын.

**Қымбатты ауыл тұрғындары!**

Сіздер өз таңдауыңызды дұрыс жасайды деп үміттенемін. Алдағы саяси науқанда баршаңызды маған дауыс беруге шақырамын.

**Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді**

## №8 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Тұрсынбай Ғазизбек Қуанбекұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

### Өмірбаяны

Тұрсынбай Ғазизбек Қуанбекұлы 1995 жылы 10 желтоқсанда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылында дүниеге келген. 2002 жылы Жалағаш ауданы Таң ауылындағы №118 орта мектебінде оқып, аталған мектепті 2013 жылы тәмамдады. 2013-2017 жылдары Қызылорда қаласындағы Болашақ университетінің «Мемлекеттік жергілікті жерді басқару» біліктілігі бойынша бітіріп шықты. 2017-2019 жылдары «Манақ баба» шаруа қожалығында жұмысшы болып еңбек жолын бастады. 2019 жылдың шілде айынан бастап Жалағаш ауданы Таң ауылдық округі әкімшілігінде салықшы қызметін атқарып келеді. Отбасылы, 2 ұл тәрбиелеп отыр.

### Құрметті жерлестер!

Өзім үміткер ретінде ұсынылып отырған округ бойынша көркейткіп-көгалдандыруды, елді мекен халқының тұрмыс сапасын арттыруды негізгі міндетім деп білемін. Бұл бағытта алға қойған мақсатым да жоқ емес. Халықтың басым дауысына ие болсам, төмендегідей жұмыстарды жүзеге асырамын.

### Сайлауалды бағдарламасы

#### Ауыл тұрмысы түзелуі тиіс

- Тұрғындардың сапалы өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында елді мекеннің ішкі көшелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге;
- Ауылдағы электрмен жабдықтау жүйелерін қайта жаңғыртуға;

- Елді мекендегі балабақша ғимаратын күрделі жөндеуден өткізуге;
- Ауылдағы мәдени ошағымыз мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізуге;
- Бұқара халықтың салауатты өмір салтын арттыру мақсатында және заман талабына сай спорт алаңын күрделі жөндеуден өткізуге қолдау көрсетемін;
- Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын көтеру бағытында жұмыс жасап, әлеуметтік мәселелерді үнемі басты назарда ұстауға;
- Шағын және орта бизнесті дамыту, негізгі басымдықты жаңа бастамаларға, жас кәсіпкерлерге қолдау көрсету жұмыс жасап, жергілікті бюджетке қосымша кіріс көздерін ашуды ұйымдастыруға;
- Ауыл шаруашылық саласындағы жұмыстарды ертаратпандыру арқылы мал азығын дайындау;
- Бюджеттік салық түсімдерін қамтамасыз ету және жаңа жұмыс орындарының ашылуына жәрдемдесуге;
- Жер учаскелерін нысаналы мақсатқа сәйкес пайдалану туралы ұсыныс өнгізуге және аяқ су мәселесін ретке келтіруге ықпал жасаймын.
- Тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсетуді басты назарда ұстаймын.

#### Әлеуметтің әлеуетін арттыру басты назарда

Халықтың әлсіз топтары, еңбек ардагерлеріне, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға, мүгедек жандарға, мүгедек балаларға, жетім балаларға қамқорлық, қолдау жасауына ықпал ететін. Жол, жарық адам өмірінің құртамасы іспетті. Елді мекен көшелерін жарықтандыру, абаттандыру, жолдарды асфальттау, жөнге келтіру мақсатында бюджеттен тиісті қаражат бөлінуіне қатырлы органдарға мәселе етіп қойып, орындауын қамтамасыз ету мақсатында табанды жұмыс жасаймын.

Әрбір тұрғынның өмірі мен денсаулығын сақтау – басты міндеттеріміздің бірі. Сондай-ақ олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту маңызды. Бұл ретте ауылда кәсіпкерлік саласын дамытып, тұрғындардың туған жерінде өз жобаларын жүзеге асыруына жағдай жасауым керек. Қазір кәсіпкерлікті дамытуды мақсат еткен мемлекеттік бағдарламалар жетерлік. Енді сол бағдарламаларды тұрғындардың тиімді пайдалануын ұйымдастыру – менің басты міндетім. Қазір ауылдарда жөндеу жұмыстарын қажет етіп тұрған орталық көшелер де жоқ емес. Сол бойынша жұмыстар атқарамын. Ауылдарда мәдени, қоғамдық жұмыстарына белсенді араласуларын ұйымдастыра отырып, жастардың бос уақытын тиімді пайдалануы үшін спорт, білім салаларында мәселенің орын алмауына күш саламын. Салық базасын ұлғайту, маусымдық, құрылымдық, циклдік жұмыссыздықтарды жою мақсатында инновациялық жобаларды ауылға тартуға жұмыс жүргіземін. Сондай-ақ кәсіпкерлік саласын дамыту арқылы ауылда бос жұмыс орындарының ашылуына жұмыс жасаймын. Тұрғындар қауіпсіздігі басты жұмысым болмақ. Ауылдарда мал ұрлығы, үй ұрлығы секілді жайттардың азаюына байланысты жұмыстарға қолдау білдіремін. Республикалық, облыстық түрлі жарыстар мен олимпиадалар жеңімпаздарына аудандық бюджет есебінен қаржылай сыйақылар мен гранттар тағайындау арқылы оқушылардың мотивациясын арттыру бағытындағы жұмыстарды жолға қою. Осы уақытқа дейінгі жинаған барлық тәжірибемді жүзеге асыратын мүмкіндік, халқыма қызмет ету кезеңі келді деп ойлаймын. Еліміздегі барлық жаңару мен жаңғырудың, өзгерістер жаршысы, билік пен қоғам арасындағы алтын көпір бола аламын деп сенім білдіргім



келеді. Мен осы елдің түлегі, тумасы, азаматы ретінде барлық тәжірибем мен қабілетімді Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бастамашы болған түбегейлі реформаларды табысты іске асыруға бағыттайтын боламын.

### Құрметті сайлаушылар!

Сіздердің қолдауларыңызбен ауылымыздың қарыштап дамуы жолында аянбай қызмет жасауға, әрбір тұрғынның сапалы өмір сүруіне жағдай жасауға уәде беремін. Маған дауыс берулеріңізді сұраймын.

**Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді**

## №8 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Жұмабек Еділ Шынәліұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

### Өмірбаяны

Жұмабек Еділ Шынәліұлы 1996 жылы қарашаның 28 жұлдызында Бұқарбай батыр ауылында дүниеге келген.

Оның балалық шағы осы ауылда өтті және 33 орта мектепті тәмамдады.

2014 жылы Қожа Ахмет Яссауи атындағы университетке түрік гранты негізінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша оқуға түскен.

2019 жылы оқуды аяқтаған Студенттік жылдарында оның кәсіпке деген көзқарасы пайда болды, өйткені өзі оқыған Түркістан қаласы тұнып тұрған мотивация болды.

Ол студент кезінде қалада жүріп саудамен айналысты, оқуының соңғы жылдары туризм саласына қатты қызықты және оқу аяқтай сала Түркістан қаласында туристік агенттік ашуға шешім қабылдаған (amantour.kz).

Бұл бастамасы өлемдік пандемияға тап келіп, 2020 жылы жауып, туған жерге қайтуға тура келді. Өз ауылына келген соң достары Қуаныш пен Самұрат үшеуі псхаблoк (zhalagash.blok) өндірісін бастап кетті.

Бұл жоба карантин кезінде сәтті басталып, сол жылдың күзінде мемлекеттен қолдау тауып, «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша грант иеленген.

Өндіріс ауа райы мен мезгілдерге тығыз байланысты болғандықтан қыс мезгілінде тоқтатуға мәжбүр болған.

Ауылдағы Мелиоратор мекемесіне қосалқы мердігер болып келісім-шартқа отырған. Сөйтіп жүріп мемлекеттік жеңілдетілген бағдарламамен несие

алып, манипулятор сатып алған, артынан автобус алып, жақсы адамдардың қолдауының арқасында осы деңгейге жеткен.

### Сайлауалды бағдарламасы

#### Жастар – дамудың қозғаушы күші

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, Қазақстан – жас әрі жастардың мемлекеті! Жастарымыз – дамудың қозғаушы күші. Барлық мемлекеттік органдардың міндеті – жастардың өзін-өзі жақсы танытуына жағдай жасау және олардың оң бастамаларына қолдау көрсету. Өз бойымдағы жастық күш-жігерімді жинап, ақыл-парасатымды іске қосып, көшбасшылық қасиетімді таныту үшін осы аламан бәйгеге қосылдым. Олай болса мен сайлаушылардың көңілінен шығып, жас болсам да бас болып, халық қалаулысы деген атқа ие болсам, төмендегі мәселелердің шешілуіне күш-жігерімді жұмсаймын.

#### Білімді ұрпақ – ел болашағы

Білімді жастар ғана елімізді алға жетелейді. Өңіріміздегі білім ошақтарының заманауи техникалық базамен жабдықталуына және көпбалалы, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға қайырымдылық акцияларын ұйымдастыруға ат салысамын.

#### Жастар – болашақтың алтын кілті

Жаңадан оқу орнын бітіріп келген жас мамандардың жұмысқа орналасуына өз септігімді тигіземін.

Жастардың кәсіппен айналысуына қолдау көрсетемін.

#### Дені сау ұрпақ – болашақтың кепілі

Өңіріміздегі спорттық үйірмелерді көбейтуге, материалдық-техникалық базалардың заманауи болуына, спорттық алаңдарды ашуға жұмыс жасайтын боламын.

Ұлттық құндылықтарымызды жастар арасында насихаттау. Яғни ауданымызда ұлттық спорттық дамуына үлес қосу.

«NEET» санатындағы жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және жұмыспен қамтуға ықпал етемін.

Жас кәсіпкерлердің дамуына жағдай жасау. Яғни мемлекеттік бағдарламалар аясында жас кәсіпкерлердің грант алуына және өз бизнесінің алға басуына жәрдемдесу.

«Таза ауыл – таза көше» акциясы аясында көгалдандыру жұмыстарын жасау. Аталған акция аясында өңірімізді жасыл желекке айналдыруда белсенділік танытамын.

Ауылымыздың мәдениет ошағы саналатын ауылдық мәдениет үйі ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын жасауға ықпал етемін.

Елді мекен ішіндегі көшелердің 100 пайыз толық жөндеуіне атсалысатын боламын.

Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауылға жарық шамдардың орнатылуына жұмыс жасалатын болады.

2026 жылға дейін елді мекенге көгілдір отын кіргізу жұмыстарын қолға аламын.



Құрметті сайлаушылар!

Жоғарыда аталған өз бағдарламамдағы барлық жұмыстарды жүйелі орындау өзімнің азаматтық парызым деп есептеймін. Әлбетте бұл ретте сіздердің қолдауларыңыз бәрінен маңызды. Сондықтан алдағы саяси науқанда баршаңызды маған дауыс беруге шақырамын!

**Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді**

## №9 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Ахетов Қуат Адисовичтың өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

### Өмірбаяны

Ахетов Қуат Адисович 1978 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққыр ауылында дүниеге келген. Аталған ауылдағы №188 орта мектепті бітіріп, Болашақ университетінің "Журналистика" факультетінде жоғары білім алған. Журналистика саласында жиырма жылға жуық уақыт бойы жұмыс істеп келеді. Кәсіби қызметінен тыс қоғамдық ұйымдар мен кеңестердің мүшесі ретінде ауданымыздың саяси-әлеуметтік өміріне етене араласып, түрлі саладағы мәселелерді шешуге атсалысқан. Одан бөлек қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі ретінде ауданның әдеби-мәдени өміріне белсене араласып, қазақ әдебиетіне, ұлттық руханиятымызға үлес қосып келеді.

Отбасылы, бір ұл, үш қыз тәрбиелеп отыр.

### Құрметті сайлаушылар!

Егер сіздер маған сенім артсаңыздар, мен де сіздер үшін адал қызмет етуге қандаңдармын!

### МЕНІҢ КӨЗДЕГІМ — ЕЛДІҢ МҮДДЕСІ

Халқымызда "аманат" деген қастерлі ұғым бар. Бұл ұғым әсіресе ел аманатын арқалаған азаматтарға айтылғандай. Билік – кеме, Халық – теңіз. Сол теңіздің шалқып толуы да, құрғап тартылуы да халыққа байланысты. Ел аманатына адал азаматтар халық арасынан шығады. Олар сын сағатта халықтың сөзін сөйлеп, жоғын түгендейді.

Елге адал қызмет қылу – менің де перзенттік парызым. Егер елімнің, туған жерімнің қажетіне

жарасам, мен үшін одан бөлек атақ та, даңқ та, мансап та, мерейлі мәртебе де, асқақ абырой да жоқ. Сол үшін осы саяси доғаға қатысуға бел буып, Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына өз кандидатурамды ұсынуға шешім қабылдадым және мен бұл жолда күш-жігерімді, білімім мен кәсіби қызметім барысында жинаған тәжірибемді сарқа жұмсаймын.

Мемлекет басшысының "Жаңа Қазақстан", "Әділетті қоғам" құру бастамаларын жүзеге асыру – барша қазақстандықтардың қасиетті парызы, азаматтық борышы.

Менің де мақсатым, бағдарым – ауылдардың қайта түлеп, жаңаруына, көркеюіне, өсіп-өркендеуіне, түйінді мәселелерді шешу арқылы ауыл халқының әлеуметтік ахуалының түзелуіне және мәдени-рухани жаңғыруына мейлінше ықпал ету. Менің көздегім – халықтың мүддесі.

Ендеше осы мақсатта Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде төмендегі сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

1. Ауылдың жағдайын жақсы білімін деп ойлаймын. Өйткені ауылда туып-өстім. Әлі де ауылдың іргесінде тұрмыс кешіп келемін.

Еліміздегі ауыл шаруашылығы саласының дамуына немесе құлдырауына ауылдардың тікелей қатысы бар. Аудан аймақ тұрғындарын ауыл шаруашылығы өнімдерімен үздіксіз қамтамасыз етіп отырған – ауылдар. Ендеше ауыл халқы қашанда осы тұрғыдан қолдауға әреу. Яғни шалғай ауылдарға аяқ су жетіспейді. Бұл мәселе жылдан-жылға күрделеніп бара жатыр. Өрине бұл – республикалық деңгейде шешілетін мәселе. Десе де мен жан-жақты мүмкіндіктерді негізге ала отырып, аяқ су тапшылығын шешу жолдарын жергілікті және өзге де тиісті

орындарға депутат ретінде ұдайы жеткізіп отыратын боламын.

2. Бәріміз де қазіргі жаңа заманға сәйкес сапалы өмір сүруге тиіспіз. Бұл орайда ауыл халқы да назардан тыс қалмауы керек. Мемлекет басшысы да ауылдық жерлердің әлеуетін көтеруді назарда ұстап отыр. Ендеше бұл бастаманы біз де жүзеге асыруға міндеттіміз.

Ауыл тұрғындарының өмір сүруіне қолайлы жағдай туғызу мақсатында Жалағаш-Аққыр бағытындағы күрежолдың ескірген 20 шақырымын қайта күрделі жөндеуден өткізуге және ішкі көшелердің асфальтталуына ықпал етемін.

3. Жаңаталап, Аққыр ауылдарына демеушілер арқылы балалар ойын алаңдарын салуға;

2024 жылға жоспарланған Жаңаталап ауылдық клуб үйінің және 2023 жылға жоспарланған Аққыр ауылдық клуб үйінің құрылыс жұмыстарын жеделдетуге ықпал жасаймын.

4. Жаңаталап ауылындағы ауыз суға байланысты туындаған мәселені шешуге және ауылдағы ұялы байланысты жақсартуға ықпал жасаймын.

5. Темірбек Жүргенов ауылының ішкі көшелерін асфальтталуға ықпал жасаймын.

6. Ауылдардағы кейбір ескірген электр желілерінің жаңаруына және ішкі көшелерді жарықтандыруға ықпал етемін.

7. Ауылдарда мәдени-рухани шараларды жиі ұйымдастырып, ауыл тұрғындарының арасына ұлттық құндылықтарымызды, мәдени мұраларымызды, тарихи жәдігерлерімізді насихаттап, ауыл жастарына патриоттық бағытта тәрбие беруге ықпал етемін.

8. Спорт – денсаулық кепілі. Ауылдарда бұқаралық және ұлттық спорт түрлерін жандандыру мақсатында



түрлі спорттық шаралар өткізуге ықпал етемін. 9. Тұрмысы төмен отбасылардың, көпбалалы аналардың, мүмкіндігі шектеулі жандардың және жалғыз басты азаматтардың мәселелерін және құқықтарының бұзылмауын жіті назарда ұстаймын. 10. Ауылдық округтерде мемлекеттік бағдарламалар арқылы ауыл шаруашылығы саласы бойынша кәсіппен айналысамын деген ынталы топқа қолдау көрсетемін.

11. Ауылдардағы көркейту-көгалдандыру жұмыстарын жаңаша бағытта жүзеге асыруға маған дауыс беруге шақырамын.

**Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді**

## №9 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Молдашов Самурат Абилқасимовичтың өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

### Өмірбаяны

Молдашов Самурат Абилқасимович 1981 жылдың 3 ақпан күні Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мақпалкөл ауылында дүниеге келген.

1987-1998 жылдары аралығында Мақпалкөл ауылындағы Әбдікәрім Оңалбаев атындағы №117 орта мектебінде білім алған.

1998-2002 жылдары аралығында Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университетінде «Алғашқы әскери дайындық және дене шынықтыру пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

2002-2014 жылдары аралығында Жаңаталап ауылындағы №119 орта мектебінде алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі болып жұмыс істеді.

2014 жылы қаңтар айынан бастап Әбдікәрім Оңалбаев атындағы №117 орта мектебінде мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келеді.

Отбасылы, 4 бала тәрбиелеп отыр.

Жұмыс барысында қосымша білімін тереңдетуден өтіп, түрлі марапатталар мен сертификаттарға ие болған. Кәсіби білімді тереңдету мақсатында түрлі оқулар мен шеберлік арттыру курстарында білімін шыңдау және тәжірибе кеңейтуге аса назар салады. Сонымен қатар қоғамдық жұмыстарға барыша атсалысып, нәтижесінде облыс, республика деңгейінде марапатталған.

### Ауыл дамыса, алға басамыз

Ауылдық елді мекендердің өңсесін тіктеу – менің де перзенттік парызым. Егер елге, туған жерге қызмет қылып, қажетіне жарасақ, өмірлік мақсатым орындалды деп білемін. Себебі туған жерге қызмет етуді кез келген адам азаматтық парызы деп біледі. Сол үшін осы саяси доғаға қатысуға бел буып, Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына өз кандидатурамды ұсынуға шешім қабылдадым және мен бұл жолда күш-жігерімді, білімім мен кәсіби қызметім барысында жинаған тәжірибемді

### жұмсаймын.

Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан», «Әділетті қоғам» құру бастамаларын жүзеге асыру – баршаңыздың азаматтық міндетіміз. Мұны шын сезінбесек, бұл бастамалар жай ғана сөз күйінде қалады. Президент ортаға ой тастады, ал оны жүзеге асыруға баршамыз жауаптымыз.

Менің де мақсатым, бағдарым – ауылдардың қайта түлеп, жаңаруына, көркеюіне, өсіп-өркендеуіне, түйінді мәселелерді шешу арқылы ауыл халқының әлеуметтік ахуалының түзелуіне және мәдени-рухани жаңғыруына мейлінше ықпал ету. Ал оған қарым-қабілетім жететініне сенемін. Осы мақсатта Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде төмендегі сайлауалды бағдарламамды ұсынамын.

### Сайлауалды бағдарламасы

Ауылдың жағдайын жақсы білімін. Өйткені өзім де ауылда туып-өстім. Әлі де ауылдың іргесінде тұрып жатырмыз.

Елдегі ауыл шаруашылығы саласының дамуына ауылдардың тікелей қатысы бар. Аудан аймақ тұрғындарын ауыл шаруашылығы өнімдерімен үздіксіз қамтамасыз етіп отырған да ауылдағы ағайын. Ауыл халқы қашанда осы тұрғыдан қолдауға мұқтаж. Яғни кейбір шалғай ауылдарға аяқ су жетіспейді. Бұл мәселе жылдан-жылға күрделенбесе, бөсеңдеген емес. Өрине бұл – республикалық деңгейде шешілетін мәселе. Десе де олай екен деп қарап отыруға тағы болмайды. Мен жан-жақты мүмкіндіктерді негізге ала отырып, аяқ су тапшылығын шешу жолдарын жергілікті және өзге де тиісті орындарға депутат ретінде ұдайы жеткізіп отырамын.

Біз жаңа заманға сай сапалы өмір сүруге тиіспіз. Бұл орайда ауыл халқы да назардан тыс қалмауы керек. Мемлекет басшысы да ауылдық жерлердің әлеуетін көтеруді назарда ұстап отыр. Бұл бастаманы біз де жүзеге асыруға міндеттіміз.

Ауыл тұрғындарының өмір сүруіне қолайлы жағдай туғызу үшін қайтпек керек? Депутаттыққа үміткер ретінде алдымен осы сауалдың жауабын іздедім.

Біріншіден, Жалағаш-Аққыр бағытындағы күрежолдың ескірген 20 шақырымын қайта күрделі жөндеуден өткізу керек деп ойлаймын. Сондай-ақ ішкі көшелердің де сапасына мән берген дұрыс. Осы бағытта күрмеулі мәселелердің шешімін табуға жұмыс жасап, ауылдарда жол сапасының жақсаруына ықпал етемін.

Жаңаталап, Аққыр ауылдарына демеушілер арқылы балалар ойын алаңдарын салу керек. Бұл бастама соңғы жылдары бірқатар ауылдық елді мекендерде дәстүрге айналды. Енді шалғай ауылда да балаларға базарлық етер дүниені жүзеге асыратын уақыт жетті деп ойлаймын.

2024 жылға жоспарланған Жаңаталап ауылдық клуб үйінің және 2023 жылға жоспарланған Аққыр ауылдық клуб үйінің құрылыс жұмыстарын жеделдетуге ықпал жасаймын. Сондай-ақ Жаңаталап ауылындағы ауыз суға байланысты мәселені шешуге және ауылдағы ұялы байланысты жақсартуға ықпал етемін. Бұл екеуі де шалғай ауыл халқы үшін өзекті мәселеге айналып отыр.

Темірбек Жүргенов ауылының ішкі көшелеріне қатысты мәселе де жоқ емес. Сондықтан ауылдағы жол сапасын қадағалап, мейлінше елдің көдергісіз ортада өмір сүруіне жағдай жасаймын.

Ауылдардағы кейбір ескірген электр желілерінің жаңаруына және ішкі көшелерді жарықтандыруға да көңіл бөлу керек. Ал мәдени-рухани шараларды жиі ұйымдастырып, ауыл тұрғындарының арасында ұлттық құндылықтарымызды, мәдени мұраларымызды, тарихи жәдігерлерімізді насихаттап, ауыл жастарына патриоттық бағытта тәрбие беру керек. Өзім мұғалім болғандықтан бұл бағытта тың бастамаларды жүзеге асырамын деп ойлаймын.



Құрметті сайлаушылар!

Жоғарыда бірқатар мақсат-міндеттеріме тоқталдым. Өрине оны алдағы уақытта жүзеге асыру үшін бірінші кезекте сіздердің қолдауларыңыз керек. Мен үшін әрбір сайлаушының дауысы маңызды. Алдағы саяси науқанның шет қалмай, баршаңызды маған дауыс беруге шақырамын.

**Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді**

## №9 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Ахатаев Роллан Ақарыстанұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

### Өмірбаяны

Ахатаев Роллан Ақарыстанұлы 1987 жылы 14 қазанда Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылында дүниеге келген.

1993-2004 жылдары ауылдағы №119 орта мектепте білім алған.

2004-2008 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Агроинженерия» мамандығы бойынша білім алған.

2009-2015 жылдары Жалағаш аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтардың хал актілерін тіркеу бөлімінде қызмет атқарған.

2014-2016 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Математика пәні мұғалімі» мамандағы бойынша білім алған.

2016 жылдан бастап Жаңаталап ауылындағы №119 орта мектепте математика пәні мұғалімі болып жұмыс жасайды.

Отбасылы, 3 ұл тәрбиелеп отыр.

### Құрметті сайлаушылар!

19 наурызда өліміз үшін аса маңызды ҚР-ның Мәжілісі және мәслихат депутаттарын сайлау науқанына үміткер ретінде тіркелдім. Осы арада сіздерге үгіт-насихат аясында өзімнің сайлауалды бағдарламамды ұсынып отырмын.

### Сайлауалды бағдарламасы

Бұл саяси науқан маған үлкен жауапкершілік жүктейді. Себебі мен депутат болған жағдайда тұтас

бір аудан ауыл маған сенім артады. Яғни бір өңірдің әлеуеті мен тұрмысы менің қарым-қабілетіме, іс жүргізуіме тікелей байланысты болады.

### Ауыл – өл бесірі

1. Аққыр, Жаңаталап ауылының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында салық базасын ұлғайту жолдарын қарастыру;

2. Ауылда көркейту-көгалдандыру, абаттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын өз деңгейінде жүргізу;

3. Ауыл тұрғындарын мемлекеттік, салалық бағдарламаларға қатыстыру арқылы кәсіпкерлікке бейімдеу;

4. Ауыл көшелерін асфальттау, жарықтандыру жұмыстарын қолға алу;

5. Ауыл тұрғындары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында бұқаралық спортты дамыту;

6. Учаскелік полиция инспекторы мен ақсақалдар алқасы мүшелерімен бірлесе отырып, ауылда қоғамдық тәртіпті сақтауға бағытында жұмыс жасау;

7. Жергілікті қоғамдастық өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасау негізгі міндетім деп білемін.

8. Ауылдарда мәдени-рухани шараларды жиі ұйымдастыруға қолдау көрсетіп, ауыл жастарына патриоттық бағытта тәрбие беруге ықпал етеміз.

9. Ауылдарда бұқаралық және ұлттық спорт түрлерін жандандыру мақсатында түрлі спорттық ойындар мен шаралар өткізуге қолдау білдіремін.

10. Елді мекен тұрғындарының тұрмысы басты

назарымда болады. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан әлеуметтік қолдауларға мұқтаж адамдың қол жеткізуін қатаң қадағалаймын. Тұрмысы төмен отбасылардың, көпбалалы аналардың, мүмкіндігі шектеулі жандардың және жалғызбасты азаматтардың мәселелерін және құқықтарының бұзылмауын жіті назарда ұстаймын.

11. «Дипломмен ауылға» жобасы және жергілікті бизнес субъектілерінің қолдауы арқылы ауылға жас мамандарды тұрақтандыру бағытында жұмыс жасаймын.

12. Кәсіпкерлік саласы алға баспай, ауылдық округ халқының тұрмыс сапасын арттыруға да мүмкіндік болмайды. Сондықтан елді мекенде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар арқылы ауыл тұрғындарын оқытуға, олардың несиелер және грант алуына қолғабыс етемін. Себебі бұл сала халықтың әлеуетін арттырудың тиімді тұсы екенін жақсы білемін.

Ауылдың ажары артып, дамуына сеп болатын жарқын жобалар да менің назарымнан тыс қалмайды. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар арқылы ауыл тұрғындарын оқытуға, олардың несиелер және грант алуына қолғабыс етемін. Себебі бұл сала халықтың әлеуетін арттырудың тиімді тұсы екенін жақсы білемін.

### Құрметті сайлаушылар!

Жалағаштың кез келген ауылы менің туған жерім деп білемін. Өзім де ауылдық елді мекен тұрғыны болғандықтан ауылдарда тұралаған мәселелер



маған таңсық емес. Ал оның шешіміне жұмыс жасау үшін бірінші кезекте елдің ауызбіршілігі, ынтымағы, қолдауы қажет. Сондықтан алдағы саяси науқанда маған дауыс беруге шақырамын!

**Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді**

Сонау дүрбелең кезеңде қазақ топырағына ауып, құшағын кеңге жайған дархан көңілді халықпен бір шаңырақ астында ұйысып, барды да, жоқты да бірге көрген этнос өкілдерінің бір шоғыры Сыр өңіріне сіңісіп кетті. Тіпті шежіресі гасырға жуық киелі мекен Жалағаш жерінде де қанша ұлттың өкілі жарасымды тірлік кешіп келеді. Жалағаштықтармен етене жақын араласып кеткен бұл жандардың дені қазақпен құда-құдандалы болып туыстық қарым-қатынас орнатқан. Қашаннан «Байлықтың үлкені – халықтар достығы» деген халқымыз осындай бірлігі жарасқан берекелі тірлігімен көп үлгі қыларлықтай дәрежеге жетті. Қазақстанды «Татулық пен бірліктің мекені» деуі де сондықтан.



## Хабарландыру

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі ЖШС құрылтайшылардың кезекті жалпы жиналысын 2023 жылы 16 наурыз күні сағат 10.00-де мына мекен-жайда өткізу туралы хабарлайды: Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Т.Қыстаубаев көшесі №4 үй. («Ауыл» КС» ЖШС ғимаратында)

### Күн тәртібі:

1. «Ауыл» КС» ЖШС-ның 2022 жылы атқарылған жұмыстары мен серіктестік басқармасының, несиелік комитетінің 2022 жылғы жұмыс қорытындысы есебі.

2. Серіктестік басқармасының 2023 жылға іс-шара жұмыс жоспарын бекіту.

3. Серіктестіктің 2022 жылы қаржы-шаруашылық жұмыстарына жүргізілген тексеру комиссиясының (тексерушінің) қорытындысын талқылап бекіту.

4. Серіктестіктің 2022 жылы қаржы-шаруашылық жұмыстарына жүргізілген тәуелсіз аудитордың қорытындысын талқылау, 2022 жылдың қаржы шаруашылық есебін бекіту.

5. Таза пайданы бөлу.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, 10 күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, Құрылтайшылардың жалпы жиналысы өткізу тәртібі ҚР заңдарына сәйкес айқындалатындығын, Құрылтайшылардың жалпы жиналысын өткізу Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы» «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңына, серіктестік Жарғысын бастылыққа алып өткізілетіндігін хабарлаймыз, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

БСН: 01064000062

## Хабарландыру

Жалағаш аудандық «Жалағаш жарысы» газетінің 25.02.2023 жылғы №16 (9903) санында жарияланған «Сайлаушылардың назарына!» атты хабарламадағы аудандық мәслихат депутатына үміткерлер тізіміндегі Садуақасов Бақытжан Бекетовичтың Жалағаш кенті, Жалағаш ауданының мәдениет және спорт бөлімінің «Қ.Қазантөев атындағы мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимаратындағы сайлаушылармен 3.03.2022 жылғы кездесу уақыты келісім-шарт жасалмауына байланысты кейінге шегерілгенін хабарлаймыз.

**Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы**

## Алғыс арқалаған абзал жан

Еліміздегі бірлігі жарасқан ұлттар мен ұлыстардың ешқандай саяси толқусыз, алауыздықсыз бір қонысты ортақ Отаным деп күн көшуі бұл қазақтың пейіліне берген Жаратқанның сыйы десек, артық емес. Тарихтың қиын тұсында тосыннан келген нәубетке қарсы тұрып, өзгені бөтен деп өзекке теппеген елдің тектілігін дәлелі бл.

Иә, қазақ көрмеген қиындық пен қазақ бастан кешпеген нәубет жоқ шығар. Сөйте тұра табиғатына тән кең пейілін тарылтпаған ата-бабамызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Алғыс айту өсілі құлаққа оңай естілгенімен, оның мәні өте тереңде. Адамгершілік пен адалдық, парасат пен пайым, ізгілік пен кішіпейілділік, дархан көңіл мен жомарттық бар оның астарында. Адам баласы үшін алғыс айтудың маңызы өте зор. Әуелі Алла берген үлкен нығметтерден бастап баланың анасына, адамның жақынына, досы мен көзі таныс замандарына да әрбір жақсылық үшін ризашылығын білдіруі жүректен шығатын жылы лебіз бен ыстық ықыласты жеткізеді. Ал кезінде үдере көшіп, қазақ жерін қоныстанған өзге ұлт өкілдерінің бауырлас халыққа айтар алғысы біздің елдегі барлық ұлт өкілдерінің арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтты.

Жаймашуақ көрікті көктемнің алғашқы күні біздің ел үшін құс қуанышты арқалай келеді. Бірі тіршілік жаңарып, шұғылалы көктемнің келуі болса, енді бірі – адам баласының бір-біріне алғыс айтып, ризашылығын

білдіретін, бауырлас халықтарды жақындастыратын Алғыс айту күні. Быыл да айтулы күнге аман-есен жетіп, тіршіліктің жаңаруын бауырымыз бүтін, бірлікте қарсы алғалы отырмыз.

Газетіміз қашаннан өңірдегі жақсылықтың жаршысы болуды мақсат етсе, бүгінгі өңімізде айтулы күнді назардан тыс қалдырмай, ауданда өбден сіңіп, жергілікті жұртшылықпен жарасымды күн кешіп келе жатқан ардақты жанның өнегелі өмір жолынан сыр шертпейміз. Алғыс айту күнінде алғыс арқалаған абзал жан ұзақ жылдар бойы антына адал қызмет еткен мейірбике Пак Лилия апамен сұхбаттасқан едік. Сәті түскен сұхбатта көйпкеріміздің қызмет жолың, отбасы мен өмірлік құндылықтарын да сөз еттік. Қанша жылғы еткен өнегелі, арқалаған ардақ аты сіңен көрініп тұратынын, «Мейірбике десе, мейірбике екен» дейтіндей, жүзінен мейірім шашып, шуағы төгілген жанның аялы алақанынан талай адам емделіп, аман-есен отбасына оралған еді. Алғаш еңбек жолын осындағы туберкулезге қарсы күрес диспансерінде кезекші медбике болып бастаған ол кәсіби маман екенін көп ұзамай-ақ дәлелдеп, аға медбике болып қызметін жалғастырады. Осындай жылы қабағы, ыстық лебізі мен нағыз ақхалатты абзал жанға тән болмысымен көпке үлгі бола жүріп, зейнет жасына дейін осы жерде қызмет етеді. Қызметтегі кәсібилігі, жауапкершілігі мен табандылығының арқасында аса қауіпті, жұқпалы

аурулардың қатарын азайтуға үлес қосты. Үздіксіз ізденіс үстінде жүретін апаімыз жыл сайын біліктілігін арттырып, өзін шындай түсті. Қоғамдық жұмыстарға да белсенді атсалысып, еселі еңбегінің жемісін көріп те үлгерді. Әр жылдары саналы ғұмырын денсаулық сақтау саласына сарп еткені үшін марапатталып, құрмет төрінен көрінді.

– Бір жерде 40 жылдан астам уақыт тапжылмай қызмет ету оңай емес. Бірақ бұл менің қолымнан келді. Өз ісіме деген қызығушылығым мен адалдығым мәні осындай дәрежеге жеткізді. Осы жылдар ішінде өмірлік тәжірибе жоғаман, кейінгі жастарға үйреттім, кәсіби маман ретінде өзіме жүктелген міндетті абыроймен атқардым. Ең бастысы, менің ұтқаным деп айтпайың, ол – адамдардан алған алғысым. Ауруына ем іздеп, шипа сұрап келген әр адамның жанына дауа тауып беру еңбегіңді жанғаны деп ойлаймын. Алғыспен көгересің дейді ғой, мен алған алғысымның арқасында абырой биігінде жүрдім деп айта аламын, – деген Пак Лилия отбасындағы құндылықтардан да сыр шертті.

Жауапкершілігі мол қызметпен бірге отбасының ұйытқысы бола білген көйпкеріміз – кәріс ұлтының өкілі. Бірақ ұлты басқа болғанымен, қазақы дәстүрді қатаң ұстанды. Қазақ жерінде тұрғандықтан, қазақтармен бір шаңырақ астында күн көшкендіктен қазақы салт-дәстүрге құрметпен қарап, әдет-ғұрыптарды білу мен үшін маңызды дейді ол. Қазақ

тілін қазақтан кем білмейді. Тіпті отбасындағы құндылықтардың дені қазақы дәстүрге негізделген. Қазақтың ұлттық тағамдары дастарханынан үзілмесе, қазақы мерекелерді де асыға күтетінін жасырмады.

– Менің анам 13 жасында жетім қалып, тағдырдың талайын бастан өткерген. Кезінде жақын-жуықтарын Сыр өліне іздеп келген анамың олармен жүздесуге мүмкіндігі болмаған. Шүкір, қазір ол күндердің бәрі артта қалды. Тағдырдың сол кездегі қыспағы қазір біз үшін күрсінгіп еске алатындай естелікке айналды. Бүгінде көрегіміз кеңейді, әулетіміз үлкен саялы бөйтерекке айналды. Осында қоныстанып, қазақтармен бірге бауырлас болып күн кешіп келеміз, – деген ардақты ана, асыл өженің қазақ халқына айтар алғысы да бөлек.

Тіпті балаларын аяқтандырып, қазақ халқымен құда-құдандалы болып отыр. Бір емес, екі бірдей келіні қазақ. Олардан тараған 11 нөмере мен 6 шеберенің қызығын көріп отырған бақытты әже 15 жыл бұрын зейнетке шыққанымен, қоғамнан алыстатпаған, әлі де маңызды шаралардан тыс қалмайды.

Мейірімді мейірбике, ардақты ана, асыл әже Пак Лилия апамыздың шаңырағындағы күт-береке осындай кең пейілі мен алған алғысының жемісі деп білеміз. Әрқашан бірлігі жарасым тапқан ұлт пен ұлыстар мекен еткен қазақ жерінде бейбітшіліктің бедері бұзылмасын дейміз.

**Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ**

## Қоғам дерті бәрінен қауіпті

Жуырда Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің жеке құрамымен сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Шымкент гарнизоны әскери полиция бөлімінің аға офицері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі капитан Ербол Айтпаевтың, Қызылорда гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімшесінің аға офицері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі әділет майоры Рүстем Жаймбаевтың қатысуымен іс-шара өтті.

Шараның мақсаты – елімізді қорғау саласына өз үлесін қосып жүрген әскери қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлық және басқа да қылмыс пен құқық бұзушылықтардың алдын алу, заң бұзушыларға жол бермеу.

– Осындай тиімді іс-шаралар арқылы заң бұзушылықтың алдын алып, сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол бермеуіміз керек. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін азайту және азаматтарды қауіпхалы күштерге деген сенімін көтеру мақсатында жүргізіліп жатқан тиімді іс-

шараларға көп көңіл бөлгеніміз абзал – деді әскери полиция қызметкері, капитан Ербол Жайымбайұлы.

Сөз кезегінде капитан Ербол Жайымбайұлы еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қолдауға шақырып, бөлім басшылығына ҚР Қарулы күштерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарының талаптарын сақтауын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз күзиреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері,

лауазымды адамдар жүргізуге міндетті екенін ескертті.

Айтакетейік, Жалағаш ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы Ерсайын Бегімқұловтың төрағалығымен де ай сайын сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында дөңгелек үстелдер, семинарлар ұйымдастырылады. Онда бөлім басшысы жалпы қоғам дертінің зиянын өріптестеріне түсіндіріп, одан аулақ болуға шақырады.

**Е.Созақбаев**

Жалағаш теміржол ардагерлер кеңесі мен Қызылорда Белгі беру және байланыс дистанциясы №39 ұжымы ардагері **Төлеген Алибаевтың** қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

19  
НАУРЫЗ  
МАРТА  
2023



**Жалағаш аудандық мәслихат  
депутаттығына үміткер**  
**КУРАКБАЕВ БОЗЖАН**  
ДАУЫС БЕРУГЕ ШАҚЫРАМЫН!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

19  
НАУРЫЗ  
МАРТА  
2023



**Жалағаш аудандық мәслихат  
депутаттығына үміткер**  
**МУБАРАК МАҚСАТ**  
ДАУЫС БЕРУГЕ ШАҚЫРАМЫН!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

## Мәселе

«Көшеде қызыма бір дәу төбет шабуыл жасапты. Құдай сақтап, тісі тимепті әйтеуір. Қабаған итті неге босатып жібересіздер? Көше кезген қаңғыбас бұралқы иттерден құтыла алмайтын болдық. Балаларымыз үшін алаңдаймыз»  
Бұл – қаңғыған бұралқы иттерден мезі болған кент тұрғындарының жанайқайы.

Жандос ЖАЗКЕН



## Қаңғыбас итті қорғайтын заң бар, ал адамды ше?

Иә, иесіз иттің қоғамға зияны қазіргі таңда мемлекет үшін басты мәселенің бірі болғаны сөзсіз. Бүгінде көше кезіп жүрген қаңғыбас иттер тұрғындар үшін қауіп төндіріп отыр. Олар тістеп қана қоймай, жұқпалы ауруларды тасымалдаушы, ал құтыру белгілері байқалғанда адамға агрессивті шабуылдайды. Мұның салдары адам өліміне алып келуі де мүмкін.

Жалпы, қаңғыбас ит пен мысық көбінесе асыраушысы жоқ болғаннан немесе иесін жоғалтып, адасып көтуден пайда болып жатады. Мұндай иесіз жүрген ит әр жерді паналап, құл-қоқыстың арасында түрлі қалдықтармен қоректеніп, күн көреді. Осыдан кейін үй жануарының ағзасында түрлі жұқпалы аурулар туындайды.

Соңғы уақытта қаңғыбас иттердің қатысуымен болып жатқан талай келеңсіз оқиғалардан әлеуметтік желі арқылы хабардармыз. Оның ішінде есіресе балалардың бұралқы иттен зардап шеккенін естіп, көріп жүрміз. Ал қоғамда аталған мәселенің көтерілуінде шек жоқ, бірақ нақты іс жоқ.

## Балаларға қауіп төндіруде

«Жел тұрмаса, шөптің басы қимыл-дамайды» демекші, жергілікті халық тарапынан кент көшелерінде жүрген қаңғыбас ит пен мысықтың адам өміріне, оның ішінде бала өміріне қауіп төндіруі жайлы арыз-шағым көбейген. Көше кезген бұралқы иттер аудандағы орталық көшелерде, мектеп, аурухана ғимараттарының, саябақтардың маңында топтасып жүреді. Тұрғындар мектепке баратын балалары үшін уайымдап, аман-есен барып келуін тілеп, сабақ бітісімен баланың алдынан күтіп алуды жөн көретінін айтады. Бала түгілі үлкен адамдар үшін де қаңғыбас иттердің кесірінен жүріп-түру қиына соққан.

«Үйміздің маңында иттер қаптап жүр. Адам жүре алмайды. Балалардың сабаққа, үйімеге баруы қиын. Бұл туралы кімге шағымдасқақ болады?» дейді кент тұрғындары.

Жергілікті халықтың сөзінше, көше иесіз ит-мысыққа толғаң тіпті қораларына кіріп, қоқыстарды шашып кететін болған.

«Бала-шағамыз үй сыртында ойнайды, кейде тіпті үйге кіре алмаймыз. Тайыншыдай төбеттердің көшеде адам талағанына талай рет куә болдық. Әсіресе түнгі мезгілде болып жатады. Кімге жүгінетінімізді білмейміз. Амалсыз «Фейсбук» парақшасына жазып отырмын. Соған бір шара қолдансаңыздар» дейді әлеуметтік желі қолданушылардың бірі.

## Мәселе қайтсе шешіледі?

Аталған мәселе бойынша редакция тарапынан тікелей Қызылорда облысының ветеринария басқармасы мамандарына бірқатар сауал жолдаған бола-

тынбыз. Қызметкерлердің айтуынша, тұрғындардан түскен арыз-шағымдар бойынша жауапты мамандар тарапынан тиісті шаралар қабылданады. Сондай-ақ қаңғыбас иттерден зардап шеккен азаматтардың шағымы бойынша Салл-центр 30-16-64 телефон нөмірі жұмыс жасап, арнайы бригадалар қызмет етуде.

– Көктем мезгілі де келді, күн жылыса, иттер балалайды. Осызда көп қараусыз иттің саны одан сайын өсетін болды. Иә, мәселе қиын «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заң бойынша біздің мекеме тарапынан иесіз ит-мысықты аулап, жою үшін қажетті барлық қару-жарақ тәркіленді. Ал жаңа заңда қараусыз қалған ит-мысықты иесі табылғанша, 2 айға дейін ұстау көзделген. Бірақ бізде жануарларды уақытша ұстау пункті, жануарларға арналған оңалту орталығы секілді кешендер жоқ. Осы үлкен мәселеге айналып отыр. Тұрғындар тарапынан наразылық көбеюде. Әрине тұрғындардың қауіпсіздігі бірінші орында. Қазіргі күні мектеп, балабақша айналасы, адам көп шоғырланатын қоғамдық орындар басты назарға алынып, қызметкерлеріміз күніне бір рет бақылап шығады. Қару пайдалануға тыйым салынғандықтан, иттерді бұғаттауда дротик яғни уақытша жансыздандыратын дәріні де қолдандық. Бірақ кейбір тұрғындар тарапынан бұған қарсылық болды. Десе де жақын уақытта бұл мәселе толықтай шешілуі тиіс. Иесіз иттер адамға шабуыл жасап, өміріне қауіп төндірген жағдайда арыз-шағымдарын өңірлік ветеринарлық станцияға хабарласып айта алады, – дейді Қызылорда облысының ветеринария басқармасының өкілі Ақниет Нұрланқызы.

Жоғарыда айтып өткендей, облыста қаңғыбас және иесіз қалған үй жануарларына арналған арнайы уақытша ұстау орындары мен панажайлар жоқ. Осы мәселе бойынша алдағы уақытта бекітілген ережелерге сәйкес, панажайлардың құрылысын салу мен басқа да жұмыстар заңда белгіленген тәртіп бойынша атқарылмақ.

Қазіргі таңда Шиелі ауданындағы бір бос тұрған ғимарат қаңғыбас және қараусыз қалған ит-мысықтарды қарапайым типтегі уақытша ұстау орны ретінде дайындалған. Сонымен қатар Қызылорда қаласында да жер телімі нақтыланып, Қызылорда қаласы әкімдігімен тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Панажай мәселесі бойынша қаржыландыруға кәсіпкерлер тарапынан да қызығушылық бар көрінеді. Келешекте осындай панажайларды әр өңірде салу жоспарда бар. Әрине аталған жұмыстардың шығынын өтеуге, сондай-ақ жаңа заңды толыққанды іске асыруға қыруар қаржы керектігі айтыпасақ та белгілі. Осы ретте айтылған мәселелер бойынша бюджеттен қаржы бөлуді басшылыққа алуға облыс әкімдігіне ұсыныс та

жасалыпты. Алдағы уақытта қаржы мәселесі толықтай шешімін таппақ.

## Құтырған иттен қалай қорғанамыз?

Мал дәрігерінің айтуынша, көктем мезгілінде иттердің құтырма ауруы қатты асқынады. Айтуынша, осы мезгілде иттер ашушаң, агрессивті күйде болады. Ал келеңсіз жағдай орын алса, міндетті түрде мал дәрігерін шақырту керек. Ол бұл жағдайды тіркеп, шабуылдаған итті 10 күн бақылайды екен.

– Құтырма ауруы көктем мезгілінде асқынады. Алыс аумақтарда, адам тұрмайтын жерлерде, қоқыс төгетін алаңдарды мекендейтін иттердің құтырманы жұқтыру қаупі басым. Беті аулап, егер үй иттері немесе қаңғыбас иттер шабуылдаса, уақыт өткізбей бірден жараға жасыл дәріні жағып, жедел жәрдем қызметін шақырып, құтырмаға қарсы барлық антибиотикті қабылдау керек. Сосын ісі итті міндетті түрде 10 күн бақылауымыз. Өйткені ит құтырма жұқтырған болса, ол 10 күн ішінде өліп қалады. Сол кезде сараптама жүргізу үшін анализ аламыз. 3-4 күн ішінде сараптаманың қорытындысы шығады да, арнайы анықтама береміз, – дейді мал дәрігерлері.

## Мәселені жаңа заң шеше ала ма?

Қаңғыбас иттердің мәселесі бойынша елімізде жаңа заң қабылданды. Бұл заң азаматтар тарапынан талқыланды, әлі де талқыланды. Нәтижесінде қазақстандықтардың қаңғыбас иттерге қатысты көзқарасы қақ жарылды. Бірінші тарап «Иесіз үй жануарларынан келетін қауіп көп, сондықтан оларды аулап, атып болсын санын азайту керек» десе, келесісі «Иесіз ит пен мысықты өлтіру – жауыздық, мемлекет гуманизм қағидаларын сақтап, бұларға пана тауып беру керек» дейді.

Әрине қоршаған ортаны қорғау, жануарларға жанашырлық таныту адамзат үшін ортақ міндет екені түсінікті. Осы орайда Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң қабылданды. Енді дамыған елдер секілді бізде де жануарларға деген көзқарас өзгермек. Яғни жаңа заң бойынша «ИТ-мысықтарды асырау және серуендету қағидалары, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидалары, жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидалары, жануарларды ауысқан. Сол себепті қазіргі кезде елде қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою жұмыстары тоқтап тұр.

Сонымен бірге жануарды азаптауға, қинауға, өлтіруге және төбелестіруге, ветеринарлық операцияларды наркозсыз жүргізуге жол берілмейді. Керісінше оларға дер кезінде көмек

көрсетілуі керек. Ал адамдар осындай әрекеттерге барса, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс бойынша 1000 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады немесе Қылмыстық кодекске сәйкес бір жылға бас бостандығынан айыруға дейін жазаланады.

Үй жануарларын ұстау бойынша тиісті талаптар мен ережелер де бар. Олардың негізгілері жануарды асырап, бағып күткен соң, ол жануар адамның жауапкершілігінде болады. Яғни жануардың қоршаған ортаға зиян келтіруіне жол бермеу, ветеринариялық-санитариялық қағидаларды сақтау, оларға уақытылы жағдай жасауы тиіс.

## Құжаттандыру міндетті

Кентте көпқабатты үйлерге қарағанда жер үйлердің саны басым. Жер үй болған соң мал асырайтыны бар. Сол себепті үйге қарауыл болсын деп ит асырайды. Бірақ тұрғындар мына жайтты естен шығарып алмайды. Жаңа Заң бойынша иелігінде жеке тұрғын үйі бар тұлғалар иттерін ауласында ұстап, кіреберіс дарбазада үйде иттің бар екені туралы ескерту белгісі болуы қажет. Иттерін құжаттандырып, яғни паспорт алып, уақытымен егу жұмыстарын жүргізіп отыру керек. Ал қоғамдық орындарда, көшелерде жетектеуші иесіз жүрген иттер мен мысықтар қараусыз, қаңғыбас деп саналады.

Жыл сайын тұрғындар жиындарында, әлеуметтік желілерде ит ұстау ережесі түсіндіріліп, басылымға жазылып жүргенімен аудандағы ит асыраушылардың басым бөлігі бұған немісқұрайлылықпен қарамайды. Кейбіреулер иттерін құжаттандырып алуға байлап ұстамайды. «Ауылға не құжат керек?» деген сөз де айтып жатады. «ИТ ұстаудың мәні осы екен» деп итаяққа тамақ қалдықтарын құяды да әрі қарай бақылаусыз қалдырады. Ал қараусыз жүрген ит көшеде жүрген басқа да иттерге қосылады да адамдарға шабуылдайды. Үйдегі балалармен ілесіп мектепке барады да басқа иттермен төбелесіп, оқушыларға қауіп төндіреді. Келеңсіз жағдай орын ала қалса, иелері өздерінің бағып жүрген иттерін «менікі емес» деп ақталады.

Түйін: «Бұралқы итті аяймыз, ал адамдардың қауіпсіздігіне кім келіп болады?» деген сұрақтың туындайтын сөзсіз. Десе де, егер иттің көбеюіне кейде тұрғындардың өздері де себепші. Үй жануарына жауапсыз қарап, қараусыз жіберетіндер көп. Ал оқыс оқиға орын алса, кінәліні іздейтініміз тағы бар. Сондықтан аудан тұрғындары асыраған итине аса жауапкершілікпен қарап, үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын бұзбағаны абзал, адамдарға зиянын тигізіп жатса, сол иттің егесі заң тарапынан кінәлі болып есептеледі.

Жандос ЖАЗКЕН

Жалағаш аудандық мәслихат  
депутаттығына үміткер

19  
НАУРЫЗ  
МАРТА  
2023

**АМАНДЫҚ НҮРЖАН**  
ДАУЫС БЕРУГЕ ШАҚЫРАМЫН!

**ЕЛ ЕРТЕҢІ –  
ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР**

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

Меншік иесі:  
**СЫР  
МЕДИА**  
жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі

Бас директор  
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**  
Жалағаш аудандық  
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы  
Бас редактор  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-36  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары,  
жауапты қатны,  
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат қорындағы 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйесі” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 334